

П И О Н Е Р



ИЮЛЬ

1953 ЖЫЛ

№ 7

АЛМАТЫ

В. Маяковский

Жақсы деген немене, жаман деген немене

Атасына
келді де,
Сұрады сәби-немере:
— Жақсы деген
немене?
Жаман деген
немене?
Жасырып
не қыламын,
Тыңдаңыздар,
балалар,—
Атаның
сол жауабын
Кітаптан осы
тауып ал:
— Жұлқыса жел
төбені,
Жауса
бұршақ
сабалап,
Бұл,
әркім де біледі,
Қыдыруға жаман-ақ.
Сіркіреп
жауын
басылса,
Жадыраса
күн көзі,
Үлкенге де,
жасқа да,
Өте жақсы
бұл өзі.
Жаққандай қара күйені,
Баттасса
кір бетіне,
Бұл,
әркім де біледі,
Зыян
сәби етіне.
Сабын
мен
тіс жуатын
Порошок
оган
ұнаса,

Сүйкімді
бала ол
онда
тым,
Әдеті жақсы,
тамаша!
Құмар бала шатаққа
Сабаса
әлсіз баланы,
Ондайды
ақын
кітапқа
Кіргізбей де қояды.
Ұрысты мынау:
— Ұрынба
Өзіннен кіші балаға!
Ондай ұл
жақсы,
шынында,
Қарасаң
көзің тоя ма!
Кітап
және
доптарды
Жырта берсең
бәрін тек,
Октябриялар айтады:
— Бұл нашарлау
бала,— деп,
Сүйсе
бала
еңбекті,
Кітап бетін
ақтарып.
Ол
жырлана бермек-ті,
— Жақсы ұл! —
деген атты алып.
Қашса
бала
қарғадан
Ойбай сала жүгіріп,
Кәдімгі қорқақ
ол балаң,
Өте жаман
бұ қылық.

Мынау
титтей
болғанмен,
Айбарлы күспен
егесті.
Батыр бала ол,—
дей бер сен:
— Өмірге керек
ер өсті.
Қуанса,
түсіп
батпаққа,
Кигеніне
кір көйлек,
Ол туралы
айтпақ та:
— Жаман,
салақ ұл ғой деп.
Тазартып
мынау
пиманы,
Галошты
өзі
жуады.
Жас болса да бұл әлі —
Жақсы бала,
шынайы.
Ұмытпандар
мынаны,
Біліңдер,
әрбір
жас ұлан:
Баладан
шошқа шығады,
Торай болса
жасынан.
Бөбек те
мұны қостаған,
Бойын билеп
қуаныш:
«Жақсы әдетпен
дос болам,
Істемеймін
жаман ісі!»

Аударған
Ізтай Мәмбетов



ПИОНЕР

№ 7

Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің
пионерлер мен мектеп оқушыларына
арналған әдеби-көркем және
публицистикалық журналы

И Ю Л Ъ

1953 жыл

Айына бір рет шығады.

Шығуына 15 жыл.



ҰЛЫ АҚЫН

Бұдан алпыс жыл бұрын, 1893 жылдың 19-июлінде, Кавказда, Батыс Грузияның Кутаиси қаласы маңындағы Багдади атты сұрсыз өмірлі селода совет заманының ұлы ақыны Владимир Владимирович Маяковский дүниеге келді.

Маяковскийдің әкесі — Владимир Константинович сол селода орманшы болып істеген. Ол ақкөңіл, ақжарқыл, ақылды, қарапайым, «чиновникшілдіктен» бойын аулаққа салатын адам еді. Сондықтан грузин шаруаларының арасында оның достары өте-мөте көп болған. Володяның ойнайтыны да, сөйлейтіні де тек грузин балалары болғандықтан, ол грузин тілін өте жақсы біледі.

Маяковский оқуды ерте бастайды, үйінде жүріп «Дон-Кихотты» қызырып оқып шыққан.

Жеті жасқа толған соң, Кутаисидегі гимназияға оқуға түседі.

Гимназияда оқыған жылдары ол Пушкиннің, Лермонтовтың, Гончаровтың, Лесковтың, Некрасовтың, Тургеневтың шығармаларын оқыйды. Оның ең жақсы көретін жазушысы Гоголь болған. Ол М. Горький кітаптарын да сүйсініп оқыйды.

1901 жылы Володя шешесі екеуі Кутаисиге көшіп келеді, ол келер жылы Кутаисидегі классикалық гимназияның дайындық класына түседі. Сембі сайын әкесі келіп тұрады. Қатаң, қардағалағыш әке оның оқуына қатты назар аударып жүреді. «Дайындық, бірінші, екінші класстар. Озат оқушымын, бәрі бестік» — деп жазады Маяковский өзінің өмірбаяны жөнінде.

Кутаиси — губерниялық нашарлау ғана кішкентай қала еді. Ол 1904—1905 жылдары большевиктердің үгіті арқасында революция ошақ-

тарының біріне айналады. Онда Сталин жолдас басқарған большевиктер ұйымы қызу жұмыс жүргізеді.

Сол 1905 жылы ақынның Людмила деген апасы каникулға келгенде оқуға тыйым салынған кітаптар ала келеді. Маяковский ол кітаптарды оқып ұнатады, «содан соң революция мен өлеңдер ұштасып келіп көкейіме қонды» дейді. 1906 жылдың күзінде Маяковский марксистік үйірменің мүшесі болып, марксистік кітапшалар оқып бастайды.

Бұл жұмысын Маяковскийдің одан әрі дамытуына жағдайдың өзі қолайлы болады. 1906 жылы февральда әкесі өлгеннен кейін, оның үй-іші Москваға көшіп келеді. Балаларын асырау үшін шешесі үйін пәтерге беріп, тамақ істеп сатады. Ол тамақты тек кедейлер-студенттер сатып алатын. Ал олардың арасында большевиктер де болады. Ол екі жасынан бастап Маяковский дүкен иелерінің заказымен майда-шұйда суреттер салып нан табуға мәжбүр болады. Сол кездің өзінде ол еңбекші адамды қанау дегеннің не екенін сезеді. Оның үстіне үлкен қаланың күнделікті өмірі оған тап қайшылықтарын туған жеріндегіден гөрі айқын көрсетеді.

Мұның бәрі Маяковскийді революциялық қызу іске араластырады. Ол он бес жасар кезінде большевиктер партиясына кіріп, халық арасында үгіт жұмысын жүргізеді. «Нан сатушыларға, сонан етікшілерге, ақыры баспаханашыларға бардым» — деп жазады ол өмірбаянында. Революцияшыл үгіт үшін Маяковскийді үкімет қуғынға ұшыратып, ізіне түседі. Көп ұзамай үш рет тұтқынға алынады. Соңғы рет түрмеден шыққан соң, Маяковский революциялық ісін тоқтатып «оқуға отырады». Ол Москваның суретшілік, скульптуралық, сәулетшілік училищесіне түсіп, әр түрлі суретшілерден сабақ алады. Ол кезде тек осы училищеге түсушілерден ғана саяси сенімділік жөнінде куәлік сұрамайтын еді.

Үшінші рет тұтқынға алынып, түрмеге отырған кезінде-ақ Маяковский өлең жаза бастаған. Бірақ түрмеден босатарда оларын надзирательдер алып қалып, үшті-күйлі жоғалып кетеді. 1912 жылы сурет салумен қатар ол ақындыққа беріле кірісіп, барлық жапалықтарды оқып шығады.

Ұлы Октябрь революциясы Маяковскийге ғасырлар бойы қыйнап келген құлдық құрсауын кыйратқан халық мүддесі үшін қуанышты творчествомен шұғылдануға жарқын жол ашып береді.

Ақын еліміздің саяси-мәдени және шаруашылық өміріне кеңінен атсалысады. Ол тынбас-

тан қызмет етеді, қолдан келгеннің бәрін істейді. Өлең және поэма, одалар мен марштар жазады, «Искусство армиясы бойынша бұйрықтар», ұрандар шығарады. Плакаттар салып, оған өлең сөз жазады. Сценарийлер жазумен шұғылданады, киноға да түседі. Газет-журналдардың жұмысына қатысып, өзі де журналдар шығарып тұрады. Пьесалар жазып, оларды театрларда қояды. Еліміздің көптеген жерін аралап, өлеңдер оқып, баяндамалар жасайды. Шетелдерді де аралайды.

Отанға деген махаббаты ақынға сарқылмас шабыт бітіреді. Оның жалынды таланты өз елінің өсуімен бірге өсіп, дамыды. Ақын творчествосында өндірістік, патриоттық, басқа актуалды тақырыптар мол жырланған. Ол кішкентай өлеңдерден үлкен поэмалар жазуға дейін көтеріледі. 1924 жылы Маяковский өзінің ең жақсы «Владимир Ильич Ленин» деген поэмасын жазады. 1927 жылы Октябрьден соңғы он жыл ішіндегі совет халқының күресін, өмір кезеңдерін суреттейтін «Жақсы!» деген поэмасы жарыққа шығады. Осы шығармаларының бәрінде де ол Ленинизм идеясының жеңімпаздығын жырлады.

Ақын шетелдерге барып қайтқан соң көптеген патриоттық өлеңдер жазады. Ол қайда барса да, совет азаматы, совет ақыны болып қалады, өз елінің тарихи ұлы істің бастаушысы екендігін мақтаныш тұтады.

Өлеңдерінде шетел империалистерін аяусыз әшкерелейді.

Маяковский өз творчествосына ғана емес, басқа ақындардың да шығармаларына сын көзімен қарайды. Жыл сайын жас таланттардың творчествосын талқылап, ақыл айтып, шеберлікке үйретіп отырады. Қазіргі көрнекті шетел ақындары Назым Хикмет, Павло Неруда, Луи Арагон өздерінің ақын болып қалыптасуына Маяковскийдің орасан зор әсер еткендігін айтады. Совет ақындары үшін Маяковский — күрескер, жаңашыл трибуна ақынның үлгісі.

Бүгінгі совет поэзиясы да Маяковскийдің пәрменді жырларының тікелей әсерімен дамып келеді. Қазақстан ақындары да халыққа қалтқысыз қызмет студі Маяковскийден үйренеді.

Советтік поэзияның туы болған Маяковскийді оқушы жұртшылық, совет халқы шын көңілімен қадірлеп, шын жүрегімен сүйеді. Совет халқы көсеміміз Сталин жолдастың сөзімен Маяковскийге зор баға берді. «Маяковский біздің совет заманының тандаулы, ең талантты ақыны болды және болып қалады да».

Леонид Кривошеков

ЧЕМПИОН

Әңгіме

Еңбек пен оқуды сүйетін, ойынды, өлең айтуды білетін және сабақты жақсы оқыйтын пионерлер жасасын!

В. М. МОЛОТОВ



Көктөбенің бауырындағы қалың тоғай іші кенеттен балалардың шалқыған әсем әніне, қоныраудай сыңғырлаған сәнді күлкісіне, айғай-шуына, пионер кернейінің дауысына толды да кетті. Көктеңіздің айдынында жүзген аққудың қанатындай аспақ шатырлардың ортасынан еңсесі биік, ұзын ағашқа байланған алқызыл жалау самал желмен желкілдеп, костер жалының қызыл сүйір тіліндей шалқыды.

Бұл жерге осы өңірдегі «Коммунизм таңы» колхозындағы мектептің пионер лагері орналасқан. Қалың ағаш, көкмайса шалғын ішіне орналасқан үлкен лагерьдің нақ ортасын моншақтай мөлдір, салқын сулы тау өзені кесіп өтеді. Осындай әсем, табиғаты бай, жаратылысы сұлу, тамаша жерді алып жатқан лагерьде оқу жылын табыспен аяқтаған, сабақты жыл бойы жақсы оқыған балалар, — колхоз мектебінің пионерлері дем алады. Лагерь іші өмірге толы. Түскі демалыс пен түнгі ұйқыдан басқа кездің бәрінде мұндағы балалар неше түрлі қызыққа, тамашаға, ойын мен күлкіге кенелген. Жақсы өлең, әсем музыка, қызықты ойын, сәнді күлкі, бір сөзбен айтқанда, барлық көңілділік осы бір тоғайдың ішіне ғана қонақтап тұрғандай еді.

Лагерьді таңғы ұйқыдан пионер кернейінің кенет шыққан дауысы оятты. Пионерлер жылы төсектен атып тұрып, жалма-жан киіне бастады.

Кернейдің ендігі шыққан дауысы пионерлерді таңертеңгі гимнастика жасау үшін сапқа тұруға шақырды. Лагерь дружинасы отряд-отрядымен, одан звено-звеносымен сызыққа келіп

сапқа тұрды. Пионерлер таңертеңгі гимнастиканы жасауға кірісті.

Әлия Молдағұлова атындағы екінші отрядқа жана тағайындалған отряд вожатый саптың он жақ канатында тұрған дөңгелек жүзді, аққұба, мығым денелі, қара шашты баланың гимнастиканы қалай болса-солай, нем кетті ғана жасап тұрғанына назары түсіп кетті. Нақ қазір ол оған бір ескерту жасап тастайын дегендей оқталып барды да, баланың не аты, не фамилиясы аузына қапелімде түсе қоймаған соң, тоқталып қалды. Бірақ, әлгі пионердің өңі-түсі, айтылған жаттығуларды селқос ғана жасап, самарқау тұрған қалпы, еріншек мінезі оның көз алдында қалып қойды. Вожатыйдың алғашқы ойынша: — «бұл мінезіңмен сен тағы да бір кездесерсің» дегендей еді. Бірақ, ол ендігі кездесуге қарамастан, гимнастика біткен бойда звено жетекшісінен әлгі баланың аты-жөнін сұрады.

— Есентай Қоңыров. Алтыншы «Б» класының оқу озаты, — деген жауаптан басқа бұл жерде ешқандай ол туралы сөз болған жоқ. Звено жетекшісі вожатыйдың мұны неге сұрағанын сезген де жоқ еді.

Балалар гимнастикадан соң жуынуға келді. Бұл кезде де вожатый Есентайды сырттан бақылауға алып, оның қалай жуынғанына қарап тұрды. Ол лагерьге келгеннен бергі әдеті бойынша самарқау жуынып, салқын судан тітіренип, бозғылт тартқан денесін ыспаламастан орамалмен жай ғана сүрте салды.

Мұның бәрі бұл отрядқа жаңа келген вожатый Дәуренте тым оғаш көрінген еді. Сондықтан да ол Есентайдың бүгінгі қылығына бұдан әрі шыдап тұра алмады.

— Пионер Қоңыров Есентай, мұнда кел! — деді ол.

Желке жағынан кенет шыққан дауысқа жалт қараған Есентай алғашқыда кімнің шақырғанын аңдамай қалды да, одан көз қырын алмай,

тесіле қараған вожатыйды көріп, жақын келді.

Өзінің ешқандай қылмыс істемегеніне сенімді ол шақырудан тайсалмастан, сескенбестен, өңіне өзгеріс еибестен батыл келіп, сәлем берді.

— Сен бұрын лагерьде болып көріп пе едің? — деді вожатый одан.

— Үш жылдан бері жыл сайын келемін.

— Дұрыс, ал лагерьде болсын, мектепте болсын саған гимнастиканы қалай ойнауды, одан соң қалай жуышуды ешкім үйретті ме?

— Үйретті.

— Үйреткен болса, сен оны ұмытқан жоқбысың, білемісің?

— Білемін.

— Ал, білгенінді неге істемейсің?

Есентай өзінің айыбын енді ғана сезді. Ол кінасын мойындағанының белгісі ретінде төмен қарады. Бірақ, пионерлердің тәртібіне қатал қарайтын вожатый үшін бұл жеткіліксіз еді.

— Біле тұрып, білгенінді істемеуің қалай? Сен әлде гимнастиканы сүймейсің бе? Лагерьге тынығумен қатар, шынығу үшін келгенінді білуің керек, досым! — деп вожатый оған күле қарады. — Жоқ, спортты жақсы көремін. Мен дружинаның өткен жазғы спорт жарысының чемпионымын! — деді Есентай.

— Өткен жылы чемпион болғаның жақсы, бірақ быйыл да чемпион болу үшін гимнастиканы да жақсы ойнау керек болады.

— Жоқ, мен чемпион болғанда, гимнастика-

дан емес, жүгіруден, жүзуден, городки ойнаудан болғанмын.

— Жақсы чемпион физкультура мен спорттың барлық түрін сүйетін болу керек! — деп бастады да, вожатый Есентайдың қатесін талдап айтты. Бірақ, бұрын сыр мінез емес, жана вожатыйдың айтқан жақсы сөздерінің өзі Есентайға онша жете қойған жоқ. Оған вожатыйдың көп сөзі ұрысқан, оның чемпиондығын кеміткен сыяқты болып көрінді. Сондықтан да ол жолдастарына қайтып оралғанда, олардың: «Вожатый не айтты?» — деген сұрағына:

— Маған гимнастиканы білмейсің, оны жөндеп ойнамайсың, дененді салқын сумен ыспалап жумайсың деп ұрсады. Мен онсыз да чемпионмын ғой... — дей салды.

Ол жолдастарына мақтанып, өзінің жудырығындай ғана болып, бұлтыйып тұрған білегіндегі бұлшық етін көрсетті. Кейбір достары сен мықты екенсің дегендей оған жымыйып күле қарады. Ал, енді біреулері:

— Сен быйыл да дружина чемпионы боласың ба? — деп сұрады.

— Мен әдейі гимнастика ойнамай, өзімді-өзім күтіп, соған әзірленіп жүрмін ғой! — деді ол.

— Чемпион болу үшін, ең алдымен жақсы гимнаст болу керек деген бізге вожатый! — деді пионер Орал, — Есентайдың мақтанғанын ұнатпағандай үнмен. Осыны айтты да, ол кетіп қалды.

— Гимнастиканы жақсы ойнайтын сенің чемпион болғаныңды көрерміз! — деп қалды оның соңынан айғайлап Есентай.

Орал оның сөзін елең қылған жоқ.

Осы бір кішкене қана таластың нәтижесі лагерьдегі спорт жарысының алғашқы күнінің өзінде-ақ көрініп қалған еді. Жүз метрден жүгіруде Есентай өзінің өткен жылғы уақытына жете алмады. Ал, басқа пионерлердің кейбірі өткен жылғы Есентай көрсеткен уақытқа жетсе, енді біреулері одан асып түсіп жатты.

Суға жүзу жарысы да болып өтті. Есентай мұнда өзінің өткен жылғы көрсеткішіне әрең жетті. Бірақ, пионер Орал Ақтаев одан әлде қайда асып түсті.

Лагерьдегі спорт жарысы қызу өтіп жатты. Рас, бұл кезде кімнің дружина чемпионы болатыны әлі белгісіз еді, ал, бірақ, осы екі күннің ішінде-ақ «дандайсыған чемпион», «мақтаншақ пионер» атанған Есентайдың быйыл чемпион болмасы белгілі болып еді.

Міне, сондықтан да лагерьдің пионер бөлмесінің қабырғасындағы мынадай бір жазу Есентайға үлкен ой сала бастады. Онда — «спортта зор даңққа ие болу үшін, өзінді күн сайын шынықтыр!» деген сөз бар еді.





БЕЙБІТ ҚҰРЫЛЫСЫ

С. Кенжебаев,

ҚЛКЖО Орталық Комитетінің секретары

Коммунистік Жастар Одағының тарихы, оның өсу жолдары партиямыздың, бүкіл еліміздің даму жолдарымен тығыз байланысты.

Жас советтік республика ішкі жаулар мен шетел басқыншыларына қарсы ерлікпен күресіп, азамат соғысын жеңіспен аяқтады.

Совет халқы Коммунист партиясының басшылығымен бүлінген шаруашылықты қалпына келтіру міндетін орындауға кірісті.

1920 жылы комсомолдың III съезінде В. И. Ленин жастардың міндеті — оқу екенін, олардың еңбек майданында халықпен бірге болуға тиіс екенін, жаңа қоғам орнату күресіне белсенділікпен қатысуы керектігін көрсетті.

1925 жылы Коммунист партиясы біздің елімізді ауылшаруашылықты, артта қалған, мешеу елден, алдыңғы қатарлы индустриялық мемлекетке айналдыру міндетін қойды. Өйткені Ұлы Октябрь Социалистік революциясына дейін елімізде шаруашылықтың техникалық дәрежесі өте төмен болатын.

Ескі техникамен жабдықталған ескі заводтар еліміздің мұқтаждықтарын өтей алмайтын. Машиналар, станоктар басқа елдерден әкелінетін. Сондықтан алдыңғы кезекте металлургия, көмір, мұнай, машина жасау өндірісін қайта құру, оны өркендету міндеті тұрды.

Техника-экономика жағынан капиталистік елдерді қуып жетіп және одан озу керек еді. Капиталистік елдердің жүз жылдар бойына өткен өндірістік даму жолдарын біздің мемлекетіміз не бары 10-15 жыл ішінде өтуге тиіс болды. Бұлай жасамайынша, еліміздің тәуелсіздігін сақтау, оның қорғампаздығын нығайту мүмкін емес еді. Бұл ұлы міндетті жүзеге асыруда жастарға, әсіресе комсомолецтерге үлкен үлес тиді.

Еліміздің алдыңғы қатарлы өндіріс орындарында партия ұйымдарының басшылығымен жастардың екпінді бригадалары құрылды. Цех, бригада және жекелеген жұмысшылар өздеріне көтеріңкі міндеттемелер алып, еңбек өнімділігін арттыруға атсалысты. Социалистік жарыс барлық елімізді қамтып, бүкіл халықтық қозғалысқа айналды. Коммунистер мен комсомолецтер жарыстың туын көтеруші болды.

1926 жылы сентябрьде Ленинградтың «Крас-

ный треугольник» комбинатында бірінші екпінді бригада құрылды. Бригада комсомол мүшесі — жас жұмысшы әйелдерден ұйымдасты.

1926 жылдың аяғында және 1927 жылдың бас кезінде жастардың екпінді бригадалары Москва, Ленинград, Урал, Донбасстың алдыңғы қатарлы өндіріс орындарында да ұйымдаса бастады. Олар жұмысты жаңа техникалық әдістермен істеп, еңбек өнімділігін үнемі арттырып отырды.

Златауст механикалық заводының ұста цехының екпінді комсомол бригадасы Уралда бірінші болып, жұмыстың конвейерлік системасына көшіп, өндіріс бұйымдарын шығаруды 25 процент көбейтті.

Партияның нұсқауы және Сталиннің 1927 жылдың март айында БЛКЖО-ның Бүкілодақтық V конференциясында сөйлеген сөзі жастардың күш-жігерін елімізді социалистік индустрияландыру күресіне жұмылдырды.

Бұл кезде БЛКЖО қатарында 2 миллионнан астам жастар бар еді. Партиямыз бұл үлкен күшті асқан шеберлікпен, аталық қамқорлықпен ұлы істің жоспарын орындауға жұмылдыра білді. Партияның XV съезі комсомолдың алдына нақты міндеттер қойып, оның қала мен деревняда жаңа бастамалардың инициаторы болуын, техника, мәдениет жағынан артта қалушылықпен күресте партияның бірінші көмекшісі болуын, жастарды социализм құрылысы рухында тәрбиелеуін талап етті.

Комсомол бұл директиваны партияның сенімі және қамқорлығы деп білді, оны орындауға барлық күш-жігерін жұмсады.

1928 жылы майда болған БЛКЖО-ның VIII съезі және онда И. В. Сталиннің сөйлеген сөзі бейбіт құрылысқа комсомолдар мен барлық совет жастарын асқан белсенділікпен қатысуға шақырды. Сталин жолдас социалистік құрылыстың ұлы міндеттерін көрсетіп, онда комсомолдың алатын орнын айқындап берді.

«Ғылымды меңгеру керек, білімнің барлық тараулары жөнінде маман большевиктердің жаңа кадрларын шындап шығару керек, бар ынта-жігермен үйренген үстіне үйрене беру керек, — қазіргі міндет осы» (Сталин). Совет жастары партияның шақыруына іспен жауап берді.

Мындаған жас жұмысшылар мен шаруалар жоғарғы оқу орындарына, техникумдарға, түрлі техникалық құрылыстарға комсомолдық жолдама алды. Миллиондаған жас жігіттер мен қыздар фабрика-заводтарда жұмыста жүріп, жаңа техниканы меңгерді, күрделі мамандықтарға ие болды.

1929 жылы апрель айында партиямыз ССРО халық шаруашылығын өркендетудің бірінші бесжылдық жоспарын қабылдады. Жоспар бойынша еліміздің алыстағы түкпірлерінде бұрын болып көрмеген қалалар, фабрикалар, заводтар, электр станциялары, шахталар салынуға тиіс болды. Комсомол мүшелері, жас жігіттер мен қыздар өздерінің коммунист ағаларымен тізе қоса отырып, бірінші бесжылдықтың міндеттерін іс жүзіне асыруға белсене қатысты. Жас құрылысшылар тіпті шаршап, шалдығу дегенді ұмытты. Бір жылдың жоспарларын жарты жылда орындаушылар, күндік

жұмыс жоспарын 2—3 есе артық орындаушылар қатары барған сайын көбейе түсті.

Елімізде екпінділер қозғалысы үдей түсті. Москваның «Трехгорная мануфактура» комбинатының жас жұмысшы әйелдері өз еріктерімен екпінді бригадаға ұйымдасып, әрқайсылары алты станокте жұмыс істеді.

Партияның басшылығымен комсомол социалистік жарыстың бастамашысы болды. Москва заводтарының, Ленинградтағы Киров заводының, Харьковтағы паровоз жасайтын заводтың жас жұмысшылары социалистік жарысты бірінші бастады.

Көп кешікпей жарысқа Донбасс және Кузбасс көміршілері қосылды.

1929 жылдың мартында Донбастың көміршілері, Москва, Ленинград, Урал, Днепрпетровск, Дондағы Ростовтың жұмысшылары жүздеген екпінді бригадалар мен сменалар құрап, өздерінің өндірістік жоспарларын асыра орындады.

Социалистік жарыс сталиндік бесжылдықтың жаңа құрылыстарында күшті қарқынмен өрістеді.

Бесжылдық құрылыстарын жақсы кадрмен қамтамасыз ету міндетін комсомол өзіне алды.


1929 жылы көптеген комсомолецтер құрылыстарға аттанды. Сталинград трактор заводын салуға 7 мың, Урал және Сибирьдің жана заводтарын салуға 66 мың, Донбассқа 20 мың комсомол мүшелері жіберілді. Ірі құрылыстарда жұмыс істеушілердің басым көпшілігі жастар болды.

Днепр құрылысының комсомолецтері еңбекте асқан үлгілер көрсетті. Құрылыс жұмыстарының ауыр учасоктерінде коммунистермен бірге комсомол мүшелері жұмыс істеді. Қайратты жастарды қыйыншылықтар, табиғаттың мылқау күштері жасыта алмады. Берілген өндірістік тапсырмалар үнемі артығымен орындалып отырды.

Ерлік еңбектері үшін Днепр құрылысының комсомол ұйымы Ленин орденімен наградталды. Коммунистік Жастар Одағы Урал-Кузнецк комбинаты құрылысын өзінің қамқорлығына алып, оған көптеген жас жұмысшылар жіберді.

Комсомол Москва метрополитенін, Амурдағы Комсомольск қаласын салуға белсене қатысты. Жастардың метро құрылысындағы еңбегі жоғары бағаланып, БЛКЖО-ның Москва ұйымы И. В. Сталиннің ұсынысы бойынша Ленин орденімен наградталды.

Коммунизмнің ұлы ісіне шын берілген жастар партия ұйымдарының басшылығымен күрделі міндеттерді орындап шықты. Олар талай қыйыншылықтардан өтті, барактарда тұрып, жер төсектерде ұйықтады. Бірақ жастар көңілді, тату өмір сүрді, ренжіп еңсесін түсірген



Челябинскідегі И. В. Сталин атындағы трактор заводы. Суретте: совхоздар мен МТС-терге жөнелтуге дайын тұрған тракторлар.

Суретті түсірген В. Георгиев. (СОТА).

жок. Өйткені олар сол қыйыншылықтардың уақытша ғана екенін жақсы түсінді.

Еңбек коллективтерінде жастардың санасы артты. Көптеген жастар коммунистер мен комсомолецтерден өнеге алып, ескінің қалдықтарынан арыла бастады, еңбекке, өзінің қоғамдық борышына коммунистік көзбен қарауды үйренді.

Комсомол мүшелері жастар арасында саяси-тәрбие жұмыстарын жүргізді. Жүздеген комсомолецтер—үгітшілер жас құрылысшыларға еліміздің халық шаруашылығының міндеттерін, партиямыздың саясатын түсіндірді.

Еліміздің шет аймақтарында үлкен құрылыстар салына бастады. Кешегі көшпелілер социалистік құрылыс жұмыстарына белсене қатысып, өндірістің техникасын меңгерді, саяси жағынан өсті, ұлт кадрлары тәрбиеленді.

Грузия, Қазақстан, Өзбекстанның құрылыстарына Россияның мыңдаран комсомолецтері келді.

Түркстан-Сибирь темір жолын салуда, Ақтөбедегі, Семейдегі құрылыстарда, Балқашта, Ридерде, Шымкентте, Қарсақпайда орыс, қазақ, грузин, армян, өзбек, тәжік жастары жұмыс істеді.


Ұлт республикаларындағы салынған қалалар, фабрика, заводтар, шахталар—коммунистік партияның ұлт саясатының жеңісі, халықтар достығының нәтижесі, ұлы орыс халқының туыскандық көмегінің жемісі.

Ауыл шаруашылығында да үлкен өзгерістер болды.

Партияның XV съезі ауыл шаруашылығын коллективтендіру жөнінде қаулы қабылдады, колхоздар мен совхоздарды нығайтудың жоспарын белгіледі. Елімізде ауыл шаруашылығына керекті тракторлар көптеп шығарыла бастады. Комсомолецтер жаңа машинаны меңгеруге кірісті.

Комсомол ұйымдары колхоздарды нығайту, кулактарға қарсы шабуылды күшейтуде партия ұйымдарына белсенді көмек көрсетті. Комсомолецтер колхоздың қоғамдық шаруашылығын өркендетуге, егін шығымдылығын арттыруға белсене қатысты. МТС-тарда жұмыс істеуге 13 мың комсомолец жіберілді. БЛКЖО Орталық Комитеті 20 мың комсомол мүшесін колхоз есепшілері етіп жіберіп, олардан колхоздарда есеп жұмысын үлгілі жолға қоюды талап етті.

Комсомолецтер колхоз даласында социалис-



Днепр су электр станциясы.

тік жарыстың жаршысы болды. Колхоз шаруалары совет өкіметінің мықты тірегіне айналды.

Жастардың социалистік құрылыстағы жанкыярлық еңбегі мен инициативасын партиямыз бен үкіметіміз жоғары бағалады. Социалистік жарысты және екпінділікті күшейтуде көрсеткен инициативасы үшін, шаруашылық майданында көрсеткен ерлік еңбектері үшін, Коммунистік Жастар Одағы 1931 жылдың 21 январьда екінші орденмен—Еңбек Қызыл ту орденімен наградталды.

1931 жылы январьда болған БЛКЖО-ның IX съезі комсомол ұйымдарын, қала мен деревняның барлық жастарын социалистік отанымыздың игілігі үшін жанкыярлықпен еңбек етуге шақырды.

1933 жылдың басында бесжылдық жоспар төрт жылда орындалып, социалистік экономиканың іргесі қаланды.

Екінші және үшінші сталиндік бесжылдықтар кезінде Коммунистік Жастар Одағы совет халқының ұлы жеңістеріне өзінің үлесін қосты. Техниканы меңгеру, стахановтық қозғалысты мейлінше өрістетуге белсенділікпен қатысты.

Коммунист партиясы 17 миллионнан астам алдыңғы қатарлы жастарды біріктіріп отырған Коммунистік Жастар Одағын коммунизм орнату күресіндегі зор күш деп бағалайды. Сондықтан да партия ұйымдары әрдайым және барлық істе комсомолдың ақылшысы, ұстазы болып, совет жастарының сарқылмас жігерін шаруашылық және мәдени құрылыстың міндеттерін ойдағыдай орындау жолына бағыттап отыр.

Бүкіл халқымызбен бірге совет жастары ССРО-ны онан әрі өркендету жоспарларын жүзеге асыру үшін жанкыярлықпен еңбек ететініне күмән жоқ.



Б. Соқпақбаев

(Соңы. Басы өткен номерлерде)

Повесть

Суреттерін салған Н. Лебедев.

Досан арбаның үстіндегілерді артқа қарай сырып, Вороновқа өз қатарынан орын сайлады. Көлденеінен сұлап жатқан ұн толған ұзын ала қанардың қонақ отыратын жағына фуфайкасын төсеп, шаңын қағып жатыр.

— Мына жерге отырыңыз.

Воронов машинадан сулығын алып, шоферге: «Жөндеп болған соң пішен шабуға кел» деді де, арбаға кеп мінді.

— Фуфайқанды өзің төсеніп отыр, менің мына сулығым бар.

— Жо-о-о, отыра беріңіз, жұмсағырақ болсын.

— Осы да жетеді, ал айда атыңды.

Досан бір ысқырды да, қамшысын шырқ үйіріп, қара аттың сауырына сарт еткізді. Мұны ат елеген де жоқ. Тек тағы бірнеше рет шықпыртқаннан кейін ғана дүрс-дүрс дөрекі желіске салды.

— Хал мүшкіл екен, бала,— деді Воронов басын шайқап. Ол сағатына қарады да:— қанша километр шамасы болады? — деді негімен тау жақты нұсқап.

— Алты-жеті километрден артпас.

Қасындағы «ұлкен өкілдің» асығыс екенін аңдаған соң, Досан делбе қағуын шыйратып, қамшыны ысқырта түсті. Тіпті бір сәт қара ат қосаяқтап та кетті. Мұндайда зыр қаққан доңғалақтың шарбақтары бұлдырап, бүтін шеңберге ұқсап көрінеді. Үргіс жүріспен шыңдалған қара жолдың үлпілдек селдір шаңы шен темірдің бойымен өрлей ұшып барып, шұбалып түсіп қалып жатыр.

— Бірқалыпты жүргіз, балақай.

Воронов бұл сөзді айтып болмай-ақ қара ат жүрісін күрт өзгертіп, желіске түсіп, онан лезде дағдылы ауыр аяңына көшті.

Воронов шылым орап тұтатты да, бір-екі рет ашырқана сорып-сорып жібергеннен кейін:

— Жуырда мен аудандық газеттен осы колхоздағы бір топ баланың аудандағы барлық оқушыларға арналған ашық хатын оқып едім. Өте риза болып қалдым. Дұрыс істегенсіңдер, нағыз патриоттық іс. Қалай, сондағы міндеттемелеріңді орындап жүрсіндер ме? — деді.

— Я,— деп Досан солғын жауап берді. Өзі ол ашық хаттың авторларының бірі болмағандықтан бұл жөнінде сөз егуді қаламады...

Қара ат мына беделді сый қонақтың алдында Досанды ұятқа қалдыратын болды. Үнемі шықпыртып сабалай беру Досанға да ыңғайсыз. Еркіне қоя берсе, жүрісі өн-

бейді. Ал, Воронов болса, сағатына әлсін-әлсін қарағыштап асығып келеді.

— Неге сен басқа бір жүрдек ат жекпейсің?

Бұл сұраққа әуелі не деп жауап берерін білмей:

— Шүү! — деп атқа қамшы үйіріп, Досан орнынан тұра ұмтылып, қозғалақтап кетті де, сосын осы аттың кесірінен шөп машинадан безгенін, осындағы өзін бастықпын деп санайтын өркеуде бір мақтаншақ баламен керісіп қалғанын, ақырында бос жүре беруді ыңғайсыз көріп, амалсыздан жұмысқа қайта шыққанын, мына «тракторды» бригадирдің бұған әдейі бергенін түгел айтып берді.

— Мен жүйрік аттарды жақсы көремін. Бірақ қалай болса солай шауып қыйнай беретін ақмақ емеспін ғой. Ал, әлгі Сережа дегеннің өзі тұрған бір кеуде... Мойнында мінгісі келеді,— деп жамандады Досан.

Бұлар жұмыс басына келгенде, шөпшілер түскі тамақтарын ішіп болып, дем алып жатқан. Председатель мен бригадир екеуі де осында еді. Воронов өзін таныстырғаннан кейін олар оны асқанаға алып кіріп, құрмет сый көрсете бастады...

...Қожаш, Сережа, Болат, Құрмаш төртеуі бір топта болатын. Олар селдір бұтақ ұзын бір сары қарағайды белортадан ауғанша арамен кесіп кеп, енді ара қысыла бастаған соң, балталауға кіріскен еді. Әуелі жығылар жағын ойсырата шауып, сосын ту сыртынан пергілей бастаған.

Қарағай сәл дірілдеп шытырлап кеткенде, Болат көзі бақырайып, шегіншектей берді.

— Тұра бер, тұра бер, қорықпа,— деп Сережа оның жеңінен ұстады.

— Мен жоғарырақ барып тұрайын.

— Тұра бер деймін, үйренетін уақытың болды ғой. Сонау еңіске қарай құлайды.

Қарағайдың шытырлауы молайып, теңселе бастаған сайын Қожаш балта шабуды жиілетсе түсті. Сонау ұшар басы бір сәт дірілдей бұлғаландан кетіп еді, тап Болаттың үстіне құлап келе жатқан секілденіп көрінді. Үрейлене қарап, тұра қашпақ болған ол аяқ астындағы бір көлденең бұтаққа шалынып, жығылып қалды. Бұл кезде Сережа оның білегінен шап ұстай берген. Зәулім қарағай шыр-шырт етіп, өзінің бүкіл алып бойымен сонау құлдый төменге қарай созыла құлап барады. Сондай бір әсерлі мырза жығымыс. Тауды жаңғырықтыра гүрс етіп

бір-ақ сұлап түсті: мұның бұл жығылысын тау да ауырсынып, бір дүмбіп қалғандай болды... Арамен кесілген жуан түбі жарқырап, күні біткен алыптай ұзынынан түсіп жатыр.

Төмен жақтан біреу айғайлады. Досан екен. Балалардың қасына келген соң ол:

— Туһ, бір ажалдан қалдым-ау. Бес минут бұрынырақ келгенімде сендер жыққан қарағайдың тап астында қалғандай екенмін. Оң шақты қадамдай ғана жетпей жығылды,— деді.

— Ой жолың болғыр, алыстан дауыстамайсың ба? — деп балалар Досанды сөксе:

— Қарағай жығыларды айғайлап хабарламайтын ба? — деп, Досан оларды кіналап жатыр...

— Сені мұнда келеді деп біз қайдан ойлайық!

— Сендерді шақырып келдім. Жүріңдер тезірек. Обкомның лекторы халықаралық жағдай жөнінде лекция оқыды. Ауылдан менің арбама отырып келді, машинасы бұзылып қалыпты. Ал, енді сөйлейді-ақ шіркін! Білмейтіні жоқ. Болиндар, тосып отыр сендерді...

Жұрт бетін ас үйдің қасына қойған қызыл мата жапқан столға қаратып көк майса шөптің үстінде тізіліп отыр. Стол басында лекторды ортаға алып, Жұлдыз бен Балабек бір қағазға үңілген. Бір шеттен шөп машинасы балалар кеп, бірінің тізесіне бірі сүйене орын тепті.

Жұлдыздың аузынан лектордың фамилиясын естісімен-ақ елең етіп, тізерлей көтерілген Сережа Вороновқа тесіле қарап қалыпты. Жүзінде бір ыстық толқудың лебі бар. Өзегін жалын шоқ қарып түскендей болды. Ғажап бір көріністер дөңгелене зымырап көз алдынан өтеді. Япырау, бұ не болып барады? Ойын ба, шын ба? Өмір ме, елес пе? Бұл қайдан...? Соншама таныс, үйреншікті, қымбат бір бейне тұр алдында. Бір көзі... Каскасы да тым мұндай емес сыяқты еді... Толық еді, денелі еді. Шөгіп, жадап қалған ба? Бірақ сонда да жылы ұшыраған үстіне жылы ұшырап барады. Әрбір болмашы қыймылы, қабақ қағысы соншама таныс! Түс пе? Өң бе? Жоқ, түс емес! Әне Балабек, тауды қара, қарағайды қара! Жоқ, бұл түс емес...

— Жолдастар, қазіргі уақытта...

Даусының да айна қатесі жоқ, соның тап өзі! Сережа! Қалай шыдап отырсың! Сүйінші! Сүйінші бер бауырым! Сережа деймін! Куан! Шаттан! Батқан күнің қайта шықты жарық етіп...

— Папа! — деп Сережа орнынан атып тұрды. Барлық жұрт жалт қарады оған. Лектордың сөзі үзіліп, тіл ұшында қалды. Сержаның өмі бұзылып, ерпі діріл қағып кеткен. Кенет бұрқ еткен қуаныш сезімінің ес жыйғызбай ұйтқуынан туган құбылыс...

— Сережа, ұлым!..

— Папа! — деп аңырап жіберіп, Сережа құшақ жая ұмтылды...

Әке мен баланың күтпеген жағдайда бұлай тосыннан табысуы отырған жұртты таң-тамаша қалдырды. Бірін-бірі жоққа санап, енді көрісуден тіпті үміт үзгендей, ұмытықандай болған бұл екеуі асқан сағынышпен құшырлана сүйісіп, жабыса қауышып тұр. Отырған жұрттан каймығып ыңғайсызданғандай әкесі құшағын жазып, қалтасынан орамалын алып, көзін сүртпек болып еді. Сережа тұмсығын оның мойнына тыға түсіп, өксіп-өксіп тіпті ажырап емес.

Лекцияны Воронов ерекше шабытпен оқыды. Өмір бойы есінен кетпестей болған бүгінгідей қуанышты күні сөз асылын іште бүгіп қалар ма!


Лекция соңынан жаңадан табысқан әке мен бала соғыс басталып, бір бірінен еріксіз айырылысқаннан бергі бастарынан кешкендерін айтысты. Сержаның әкесі майданда ауыр жараланып, бір көзінен айырлыпты да, госпитальда ұзақ емделіп, ақыры әскери қызметтен түпкілікті босапты. Әйелі мен баласы жөнінде осы күнге шейін мүлде хабарсыз екен.

Сержаның келешегінің қамын оның өз әкесіндей ойлап, қамқор болғаны үшін Воронов Жұлдызға мың да бір алғысын ақтарды! «Мен сені өл-өлгенше есімнен шығармайтын ең бір ыстық жан досыма санаймын» деп, бетінен сүйді...

Әкесі Сережаға: бұл ауданда шөп шабу науқаны аяқталғанша боламын, күзгі егіске қалдырылуым да мүмкін деді. Сережа оған әзірше үйреніп, үйір болған осы достарының арасында болғысы келетінін айтты.

— Сенің мұндай еңбек сүйгіш, табанды болып өскеніңе қуаныштымын, ұлым...

Воронов балалармен бірғауым әңгімелесті. Әрқайсысының аты-жөнін, қай класты бітіргенін, болашақта кім болғысы келетінін сұрастырды.



Өл қаштасарда:

— Сен, ұлым, жолдастарыңды ренжітуші болма,— деді Сережаға.

Бұл сөзді неліктен айтып тұр деп, Сережа таңырқап еді.

— Мына жігіт екеуін ұғынысуларың керек,— деп ол Досанды көрсетті.— Мұнда партизандық істей беруге болмайды...

Машинасына мінерде Воронов Балабекке: — бригадир жолдас, мына арбакеш баланың жегіп жүрген аты тым шабан ат екен. Жүрдегірек бір жылқыға айырбастап беруіңізді сұраймын, менің осы тілегімді орындарсыз,— деп сенім білдірді.

— Мақұл — деп, Балабек уәдесін берді.

Қыба жирен ат Досанға қайтадан тиді.

XI—Тарау

Досанның бұрын осы ауылда комбайншы болып істеген Сайран деген ағасына майданда Совет Одағының Батыры атағы беріліпті. Бұл жақсылық хабар батырдың мұндағы жерлестерін шексіз қуанышқа бөледі. Жұмыс

дігін үшін бе? Әй, әй батырдың інісі!.. Ұят! Ұят! Егер аға естісе ғой... Жарайды, терлеп кеттің ғой, батырдың інісі. Ендігірі өзіңе-өзің бекем бол. Байқа».

Балалардың Досанға қатынасы да күрт өзгеріп кеткен сияқты. Әркім кеп оны құттықтап жатыр. Қолын қатты-қатты қысып құттықтайды.

— Досан, біз неткен бақыттымыз! — деді Сережа оны қапсыра құшақтап тұрып... Ол тағы бірденелер айтпақ болып еді, сөз таппай қалды. Тек қатаң қолдары Досанды қысқашша қымқырып, өзіне қарай тарта берді...

Жұрт кешкі тамақтарын шала-шарпы ішіп, қотарыла атқа қонды. Ауылдан кеткенге айға жуық уақыт өткендіктен бе, әлде батырдың майдандары ерлік істеріне жете қануға құштарлық па, әйтеуір біздің шөп машинашы жігіттер де тойға бара жатқандай саңлақтанып, делебелері қозып кетті.

Жұмыспен қатқан жарау аттар шыйыршық атып ойнайды.

— Отделение, сапқа тізіл! — деп бұйрық берді Сережа есік алдында ойкастап,— ілесіндер менің соңымнан!

«Отделение» тасырлатып жөнөп берді. Бұл кезде Болат та ат құлағында ойнауға жарап қалған! Ол да ілесіп



соңынан бригадир осы қуанышты хабарға арналып, ауылда жыйын өткізілетінін жариялады.

Досанның қуанышында тіпті шек болмады. Кез-келген баланы құшақтап сүйіп-сүйіп алғысы келеді. Омырауында алтын жұлдызы мен Ленин ордені жарқыраған ағасы көз алдынан кетпейді, елестеп тұрып алды. «Мені өнді балалар батырдың інісі» дейтін шығар деп, іштей жымындады Досан... Ойына осы келгенде, ол шырайын маңыздандыра қап, өзіне-өзі бөгде тұрғыдан, өзгенің көзімен қарай бастады. Батырдың інісі деген атаққа лайықпын ба деп, тергеп қарайды. «Батырдың інісі, сәл сабыр ете тұршы,— дейді Досан сол мезетте өзіне-өзі.— Ағаның даңқына лайық сен немене тындырдың кәне?! Қызарма, тайсақтама! Маған тура қарап тұрып айт! Аяғыңмен жерді шұқылама. Неменеге ұяласың? Шөп шабыстан қашқаның үшін бе? Әлде өзара сынға төзбеген-

берді. Қатардан қалмайық дегендей, астындағы қызыл аты ауыздық сүзіп, тақым қысса жеңдей еседі.

Алда оқшауланып Сережа мен Досан келе жатыр. Досанның мінгені баяғы биік қызба жирен.

— Әкеңмен табысқаның саған да жақсы болды, маған да жақсы болды. Ол кісі болмағанда, мына ат менің қолыма қайтадан тиер ме еді,— дейді ол Сережаға сәксәк күліп.

* * *

Осы кеште ауыл үстің ерекше шадымен думан көміп кетті. Әр тұстағы өңбек даласынан ағылып кеп, колхоз клубында бас қосқан мына жұрттың осы бір қызу науқан кезіндегі жұмысбастылықтан соңғы кезде іштері пысып қалғандай.

Қолхоз клубы мереке күнгідей салтанатқа бөленген...
...Сайранның әкесі, колхоздың беделді диірменшісі —

Жапар қарттың сөзі жұртқа ерекше әсер етті. Мерейі тасып, көңілі шалқыған ол өзінің адал, боямасы жоқ, шын жүректен туған қуақы тілімен тыңдаушыларды ду-ду күлдірді.

— Сөйлеушілердің бәрі маған батыр бала тәрбиелеп өсіргені үшін рақмет деп, атымды көтере атай береді. Бұл сөзге мен қысыла түсемін, жолдастар. Баламның батырлығы өзіме тартты дейін десем, шынын айтқанда, барып тұрған қоян жүректің бірі менмін. Айсыз түнде жалғыз өзім алтын берсе жолға шықпаймын. Шешесіне тартып батыр болды дейін десем, Ұлтуарның (айтып отырғаны ана приздидумдағы өзінің кемпірі) батырлығы анда-санда ашуланысып қалғанда мені аштан қатырғаннан арғыға бармайды...

Приздидумның шетінде отырған, басына ақ күндік ораған Ұлтуар шешей:

— Мынау не деп тұр? — деп шалының сөзіне шамданып қалды.

— Тс...с...с, кемпір, тәртіп керек, бөлме сөзімді.

— Ал, сен жалған сөйлеме балалардың алдында.

— Немене, өтірік айтып тұрмын ба? Дәлел керек десең...

— Болды, болды, тұзу сөйле. Осындай қуаныш үстінде не болса соны...

— Жоқ, бұл не болса сол емес, мен қазір тыңдай бір жігіттің жұмысын атқарып жүрмін. Тамақты да уақытылы ішіп тұруым керек. Солай ма, майыр балам?

— Солай, қария, солай, — деп аудандық соғыс комиссариатынан келген адам күле қоштады.

— Тәйірі осы бір алжыған шалға сөз беріп... — деп, Ұлтуар қабағын тыжырды.

— Сен де жөніне отыр. Сынға төзу керек. Бұл от басы емес, жыйналыс. Сөз бостандығыма қысым жасама! — Жапар сөзін соза берді. — Сонда менің балам кімге тартып батыр болды? Турасын айтсам, осы заманға, оқытып тәрбиелеген Ленин мен Сталинге, өзінің замандас достарына тартып батыр болды, жолдастар!

Ду шапалақ соғылды.

— Табылған сөз!

— Қария шынын айтты!

— Жарайсың, шалым! — деген үндер естілді залдан.

Жұрттың тынышталуын тосып бөгеліп қалған Жапардың жеңінен тартты Ұлтуар.

— Болды! Жетеді енді...

Жапар кемпірінің қолын тез қағып тастады.

— Бұның өсугіні бар, бой бермейді... деп Ұлтуар бір кейіді де, жөніне отырды.

— Мен бірғауым сөз жаттап келін едім, мынау бәтшағар кимелеп, берекемді қашырды, — деп Жапар кемпірінің қылығын жұртқа жария етіп шаға сөйледі. — Енді міне ұмытып та қалдым. Иә, қарақтарым, құрметтеріңе мың да бір рақмет! Мен баламды батыр етіп шығарған, өзіме жастық қуат берген Сталин күніме мың рақмет айтамын! Сталин жасасын! Совет Армиясы жасасын! Өлім келсін фашистерге!...

Қарттың соңғы сөйлемдерін ду шапалақ үні көміп кетті.

Машиналарының шалғылары бірөңкей қаздырып енді міне балалар ауылға қайтып келе жатыр. Сұлу табиғаттың қойнында, мөлдір таза ауада, күн көзінде, қуанышқа бөленген құнарлы еңбектің құшағында айға жуық болып қайтқанда, барлықтары да күштеніп, күрең тартып тотығып, толып, сергектеніп, сезімталданып, жадырап, жайнай түскені айқын. Алғандары алғыс, жазылғандары құрмет тақтасы — бұлардан көрікті жан жоқ-

тай! Ашық хатта алған міндеттемелерін аброймен орындағандарына шаттанады. Асқақтата ән шырқап келеді бұлар.

Идет война народная —
Священная война!

Ең алда Сережа келе жатыр. Жүзінде қуаныш ойнайды. Оған соңғы машинадағы Қожаштың ауыр денесінен астындағы орындығы ерекше майысқақтап келеді. Мынау Болат қызыл атты ақ ат деп, машинадан құлап қалатын «баяғы» Болатың емес, асау үйретіп мінуге жарап қалған, күшак жетпейтін жуан қарағайларынды мұрттай ұшыратын Болат. Әнуар делбені қолының қарына іліп қойып, аудандық газеттің әлгі бір өз өлеңі мен ашық хат басылған номерін оқып келеді. Шабыттана дауыстап дикторша оқып келеді өз өлеңін. Сөздері майдан төбесінде ашық санқылдап, «Қызыл әскер ағаларға» айқын естіліп жатқандай болады бұған...

Осындай ел басына қатер төнген қысылшаң шақта колхоз даласында айбынды еңбек етіп, халықтың дарияша шалқыған алып күшіне тамшыдай болса да, үлес қоса алғаны үшін әркім-ақ кеудесін қуанышты сезім кернеп, көңілдері тасуат келеді...

Ең артта өзгелерден бөлектеңіп Құрман келе жатыр. Оның бұлайша бірғалыпты жай жүруінде себеп бар. Машинасының алдына үлкен бір шай жәшігін таңып қойған. Жәшіктің іші фансрамен екіге бөлінген. Бір бөлімінде қаттап буылған әр алуан шөптер мен гүлдер — гербарий, екінші бөлегінде бір тірі кірпі бар. Бұларды ол мектептің биология кабинетіне арнап әкеле жатыр.

Құрманштың қолында «Зоология» кітабы. Оқып келе жатқан жоқ, мазмұнына көз жүгіртіп, әр тақырып-тақырыпшаларды жатқа сөйлеп, тағы бір рет нысықтап келеді. Бәрі сайрап тұр көңлінде. Мұғалім енді алып көрсінші емтиханды! Бүкіл оқулықты бастан-аяқ судырата айтып шығуға бар ол!

Балаларды колхоз кеңсесінің алдында Жұлдыз бен Воронов және бірнеше кеңсе қызметкерлері тосып тұр екен. Олар балалардың алдынан шығып, қуанышпен қарсы алды. Қолдарын қысып, алғыстарын жаудырды!

Ертесінде тап осы жерден Сережа мен Болат Вороновтың жеңіл машинасына отырып, Алматыға қайтты. Байсалды жылы жүзді Жұлдыз, ақ қалпағын алшысынан киген Балабек, Қожаш, Әнуар, Досан, Құрманш... Бәрі бұларды шығарып салып тұр.

Машинаға отыра беріп:

— Мамамның аманатын ұмытып кетіпін ғой, — деп, Болат қайта секіріп түсті де, жеңгесініңкіне қарай жүгіре жөнелді.

Бұл кезде Досан машинаның ар жағынан кеп, басын ішке сұғындырып тұрып, Сережаға ақ қағазға ораған бірдеңе ұсынды. Сережа бұл не екен деп, ашып қараса, Досанның суреті. Сыртына «Қымбатты Сережаға, ескерткішке!» деп жазылыпты.

— Рақмет, — деді Сережа Досанның қолын қысып.

Газетке оралған насыбай шелекті алып Болат келді. Чемоданын ашып, бір бұрышына ыңғайлап салып жатыр.

— Келіп тұрындар біздің ауылға, — дейді Жұлдыз қонақтарға.

— Келеміз, әлі талай келеміз.

Машина лып етіп орнынан қозғалды. Былқылдаған жұмсақ орында артта Сережа мен Болат қатар отыр. Біріне бірі қарап күлімсірейді. Екеуі бірге келіп еді, енді бірге қайтып барады.

Соңы



ҰЛЫ РЕВОЛЮЦИОНЕР ДЕМОКРАТ

(Н. Г. Чернышевскийдің туғанына 125 жыл)

Ұлы орыс халқының мақтаныш ететін тамаша ұлдарының бірі — Николай Гаврилович Чернышевский XIX ғасырдың 50 жылдарында әлеуметтік өмірдің келелі мәселелеріне тікелей араласа бастады. Бұл дәуірде патшалық Россияның экономикалық мешеулігі әбден сезілген, сыртқы қорғаныш күші нашарлап, шаруалардың езілушілігі шектен тыс үдей түскен болатын.

Өз дәуірінің ерекшеліктері Чернышевскийді патша өкіметінің қатал үстемдігіне аябай қарсы күрескен революционер етіп тәрбиеледі. Оның шығармаларынан «тап күресінің лебі есті». К. Маркс Чернышевскийді «Орыстың ұлы ғалымы, сыншысы» деп атады. Ф. Энгельс Европада Чернышевский еңбектерін кең тарату мақсатымен, оның өмірі және творчествосы туралы еңбек жазу ниетінде болды.

Н. Г. Чернышевский әдеби еңбектерін «Современник» журналының редакциясына келгеннен бастады. Бұл журналда ұлы сыншының «Орыс әдебиетінің Гоголь дәуіріндегі очерктері», «Лессинг және оның дәуірі», Пушкин, Л. Толстой, Щедрин, Островский т. б. жөнінде жазылған тамаша ғылыми еңбектері жарияланды. Олардың барлығында да автор батыс Европа алдында бас имейтін орыстың ұлттық мәдениетінің дәстүрлерін қорғап шықты. Орыс шаруалары мен интеллигенциясының өмірін өткір шеберлікпен көрсеткен Пушкин, Гоголь шығармаларын бағалауда Чернышевский Белинскийдің ұлы пікірлеріне түгелдей қосылды. Дүниеде теңдесі жоқ орыс әдебиетінің зор тұлғалары — Пушкин, Лермонтов, Гоголь, Островский шығармаларынан бүкіл орыс өмірін көрген сыншы олардың еңбектеріндегі халықтық идеяны жоғары бағалады.

Чернышевский бүкіл өмірі бойында либерализммен аяусыз күрес жүргізді. Өзінен бұрынғы революцияшыл демократтық бағытты соза түсті. Герцен мен Белинский XIX ғасырдың 30-40 жылдарында-ақ Россияның экономикалық әлсіздігін, шаруалардың ауыр тұрмысын айқын көрсеткен еді. Бұл жағдайлардың негізгі себепшісі болып отырған — патша үкіметінің қатал заңы, крепостниктік правоның үстемдік етуі деген болатын олар. Герцен «Кім кінәлі» деген романында сол дәуірдің



қатал тәртібін сынаған. Осы игі дәстүрді дамыта отырып Чернышевский тап күресі мәселелерін түсінуде өзіне дейінгі философ-материалистердің қайсысынан болса да ілгері кетті. В. И. Ленин Чернышевскийді Маркс пен Энгельске дейінгі философтардың ішіндегі ең зор тұлға деп санады. Чернышевскийдің Россияда билеуші тапты жеңудің бірден-бір дұрыс жолы — шаруалар революциясы деп тануы — сол дәуірдің ерекшелігіне байланысты ой еді, өйткені, Россияда бұл кезеңде пролетариат туып, тап ретінде әлі де қалыптасып жетпеген болатын.

Сондықтан Чернышевский пролетариаттың революциялық күшін өз дәуірінде көре де алмады. Бірақ, Чернышевский өзінің революциялық идеяларын бүкіл еңбектерінде желілей отырып, аса көрнекті революционер екенін танытты.

Чернышевскийдің «Искусствонның шындыққа эстетикалық қатнасы» деген еңбегі — орыс мәдениеті тарихындағы тамаша шығармалардың бірі. Мұнда Чернышевский Белинскийдің әдебиет, искусство туралы негізгі ойларын дамытты. Әдебиеттің қоғамдық өмірдегі маңызын, халық алдындағы міндетін, өмірге қатнасын материалистік тұрғыдан дәлелдеді. «Көркемөнер көркемөнер үшін», «Сұлулық сұлулық үшін» деген буржуазиялық теориясымақтарды батыл әшкереледі. Әдебиет өзінің негізгі жемісін өмірден алғанда ғана қоғам алдындағы өзіндік міндетін орындай алады деп қортынды жасады.

Чернышевский «Не істеу керек?» романын патша түрмесінде отырып жазды. Онда XIX ғасырдың 60 жылдарындағы Россия интеллигенциясының өмірі айқын көрсетілді. Романның негізгі кейіпкері «Рахметов — өз дәуірінің жаңа адамы» еді. Лопухов, Кирсанов және Вера Павловналар да екінші қатардағы бір топ жаңа адамдар. Бұлар халық мүддесіне сай еңбек студі көздейді. Чернышевскийдің бұл романын В. И. Ленин үздік шығарма деп таныды. Г. Димитров мен революциялық тәрбиені алғаш осы романдан алған едім дейді.

Чернышевский еңбектері совет дәуірінде ғана шын маңнасында халықтық мұраға айналды. Чернышевский есімі орыс мәдениеті тарихында аса зор құрметпен аталады. Оның еңбектерін бүкіл дүние жүзі еңбекшілері сүйсіне оқыйды.

Ә. Дербисалин


ЖАС ШЫБЫҚ

Егіп едім көшемізде жас шыбық,
Міне енді бүршік жарып тұр шығып.
Қуанамын, аялаймын ынтамен
Жас шыбықтан өскенше ағаш асығып.

«Бөбектерді ең бақытқа бөлеген
Отан-анам — гүлді бақша» дер ем мен,
Мен де елімді жасыл гүлге бөлеймін —
Жас шыбықтан өсірем де көп емен.

Қ. Дінахметов,

Арал ауданы



Үміт жүлдөзү

Абдулла Ахмат

Суреттерін салган Н. Лебедев

(Балалар сахнасына арналган пьеса)
Машта новелласының ізімен

Қатнасагындар:

Антонио. Әке-шешесіз қалған 12-13 жастағы бала. Алба-жұлба киінген. Жүдеу. Жігерлі, өткір, өжет.

Анита. Талдырмаш, бұйығы, кара бұйра шашты қыз. 10-12 жаста. Өзінің жолдастары бұл қызды «Ника» деп атап кеткен.

Мари Тэр. Әкесін франкошыл фашистер өлтірген, бұ-

йығы, бірақ сүйкімді, әдемі қыз. Қайғылы пішінді, 10 жаста.

Перико. Киімі жыртық-жыртық, кара шашты, өжет бала. 11—12 жаста.

Саудегер. Жуан қарын. Аяқтары бөренедей. Басына шашақты испанка киген.

Оқытушы. Бұрын франконың фашистік армиясында

федфебель болып қызмет істеген. Салпы қызыл мұрынды. Шашын майлап, жылтыратып тараған. Селдір мұрт.

Судья. Ұзын бойлы. Бұйығы. Кәртайған. Сыйықсыз адам.

Әйелдер, еркектер, балалар. Уақыйға фашистік Испанияда болған.

I — перде

I — көрініс

Қаланың шет жағы. Темір сынықтары мен ескі үйеңкіден жасалған күркеше. Ортада дөңгелектен істеген үстелше. Оның үстінде кетік-кетік кружкалар, қалайы котелоктар, Тақғайдаң жасалған сәкі-төсек. Сәкінің үстіне шөп-шалам, әлде неменелер төселген. Кіре берісте көлденең тартылған жіпке ескі-құсқы кір жайылған.

Анита. Әй, тамақ жегім әбден келіп-ақ отыр-ау! (Көзін жұмып). Ай шіркін-ай, қазір менің қолымдағы әркімнің аузынан қалған, қайрақтай қатты нан болмай көпіріп тұрған, жұп-жұмсақ, жылы нан болсайшы... Мен оны пияздап, тұздап әбден тойғанымша жесем... Әй, сондай уақыт қашан болар екен?

Перико. (Орнынан қозғалмай, жуан дауыспен). Болар, бауырым болар!

Анита. (Сескеніп қарайды). Ойбай, бұл кім?

Перико. Бұл да сен сыяқты жұп-жұмсақ жылы нан туралы ойлап жатқан Перико досың.

Анита. Дос болсаң, сен маған бір тілім нан бер. Менің де өте жегім келіп жатыр!

Перико. Шыдай тұр, бауырым.

Анита. Жоқ, Перико, Мариға көйлек сатып ала алмаспыз енді.

Перде ашылғанда сәкіде Перико жағады. Ол шоқыт пиджак жамылған. Шоқыт пиджактан сәкі үстінде кісі жатқандығы да байқалмайды. Біраздан соң қайыр сұрау үшін шүберек дорба асынған Анита кіреді. Әбден шаршаған кескінмен ол дөңбекке келіп отырады. Қолымен маңдай терін сүртеді. Сумкасынан көгеріп, қатып қалған нанды алып қытыр-қытыр жей бастайды.

Перико. Ә, неге?

Анита. Менің күні ұзақ жүріп тапқаным бір ғана песет.

Перико. Ника, сен қажыма. Біз әлі...

Анита. Я, не, әлі?

Перико. Біздің, енді ақшамыз алпыс үш песет.

Анита. Алпыс үш... Ал, көйлек алу үшін қанша керек?

Перико. Тағы да отыз үш песет.

Анита. Ойбай! Тіпті көп қой бұл.

Перико. Жаңа ғана Антонио «Өжет ағайларға» кетті.

Анита. Неге?

Перико. Біраз жетпей тұрған ақшаны табам ба деп.

Анита. Ақша таба алса жақсы болар еді.

Перико. Түу, ол біздің бастығымыз емес пе, Антонио. Ол табады. Мен оған сенемін.

Анита. Онысы жарайды екен, Перико. Бірақ менің тамақ жегім келіп тұр-ау. Бір нәрсе алып жесек қайтеді, ә. Тіпті жөндеп тамақ жемегенімізге он күн болып қалды ғой...

Перико. *(Орнынан секіріп тұрып)*. Жегің келе ме? Болады.

Анита. *(Үміттеніп)*. Әлде, наның бар ма?

Перико. *(Басын қасып)*. Бола ма, енді?

Анита. *(Күліп)*. Әй, Перико-ай, бір оңбаған бала-сың-ау

Перико. *(Столға кішірек дорба қояды)*. Ал, мә же!

Анита. *(Көңіліз пішінмен дорбаны сілкіп)*. Нан емес қой бұл.

Перико. Бұл ақшаға бағанағы сен ойлап жатқан нанның бір бөлкесін береді. Керек десең, тұз бен пиязға да артылып қалады.

Анита. Ә, Мариға көйлекке ше?

Перико. Я, досымызға көйлек, я өзімізге нан — екінің бірі.

Анита. Я, солай. Оған мектепке бару керек. Ал, менің де тіпті тамақ жегім келіп тұр... Мен енді шыдай алмаспын, Перико.

Перико. Бірақ менің тамақ жегім келіп тұрған жоқ. *(Қалайы котелоктан кетік кружкаға су құйып ішеді)*. Бүгін түскі тамақтың тұзы күштірек болыпты, шөлдегіп тұр.

Анита. Бері қарашы, Перико, неге Мариға ғана бәрін әпереміз... Оған бір күні ботинка, ал тағы — көйлек!

Перико. *(Ашуланып)*. Сен әлі де осыны түсінбейсің бе?

Анита. *(Әлі кетіп, басын столға қойып)*. Тамақ жегім келеді, Перико.

Перико. *(Тез ғана оның жанына келіп, ішін сыйпап, жіңішке дауыспен)*. Анита, сен ақылың бар қыз едің ғой. Бұл сөзге сен түсінуің керек. Маридің әкесін фашистер өлтіргеннен кейін, біз оған көмектесуге сөз байласқамыз.

(Анита жайлап қана басын көтеріп, Перикоға қарайды).

Анита. Я, солай, сөз байласқамыз.

Перико. Біз бір үзім нанымыз болса да, оған бөліп береміз, оны далаға тастамаймыз дедік.

Анита. Я, солай дедік. *(Столға қайтадан сүйенеді)*. Осы кезде жүгіріп Антонио кіреді. Ол аптыға дем алады. Перико мен Анита үрейлене секіріп тұрады).

Анита. Не боп қалды?

Перико. Әлде, франканың иттері ме?

Антонио. *(Әлсіреп отыра кетеді)*. Ой, сұрамаңдаршы!

Анита. Қорқытпашы бізді, Антонио.

Перико. Әлде «Өжет ағайларға» бір нәрсе болды ма?..

Антонио. «Өжет ағайлардың»... бір жазған өте маңызды қағаздарын заводқа апарып, тапсырып келдім. Соны беріп жатқанымды көріп қалды. Жандарман қорқып қоршаудан секіре қаштым.

Перико. Жігіт екенсің. Сен тектен текке біздің бастық болып жүрген жоқсың ғой.

Анита. Ақша, ақша таптың ба?

Антонио. *(Қуанған дауыспен)*. О да болды.

Анита. *(Қуанып)*. Наның бар ма, Антонио? *(Антонио белбеуіне байлаған кішкене дорбасын шешіп столға күміс ақша төгеді)*.

Анита. Жаса!

Перико. Жаса, Антонио!

(Перико Антонионы қошаметтеп, құшақтап қояды).

Анита. Мариға көйлектік, Мариға көйлектік!

Перико. «Өжет ағайлардан» ба?

Антонио. Я, Мари Тэрға көйлек сатып алу керек. Бірақ, ақшамыз жетпейді дедім мен.

Анита. Ә, олар не делі?

Антонио. Ә, олар өздерінің үш дөңгелекті велосипедін апарып сатты. Міне, сол ақшадан маған отыз песет берді. *(Күміс ақшаны сылдыратып)*. Міне, ол.

Перико. *(Ақшаны сылдырата)*. Енді біздің Мари көйлек киелі. Тек, не алу туралы оған бір сөз де айтылмасын. Түсіндің бе?

Анита. Жарайды.

Антонио. Міне, солай істейміз.

(Антонио секіріп, қасындағы жолдастарын әлсін-әлсін құшақтайды, осы кезде Мари Тэр қайтып кіреді, бәрі сасыңқырап қалады).

Мари. *(Жолдастарын құшақтап)*. Не істеп жатырсындар, не боп қалды, достарым?

Анита. *(Мариды құшақтап)*. Сыйлық!

Антонио. Біз саған бір сыйлық әзірлеп жатырмыз, Мари!

Анита. Бірақ, не нәрсе екенін айтпаймыз.

Перико. Ертең біз саған мектепке киіп бару үшін көйлек сатып алмақшымыз.

Антонио. *(Периконың көйлегінен тартып)*. Түсіндің бе дейді де, өзі-ақ айтып салды.

Перико. Жарайды. Байқамай айтып қалдым ғой.

Мари. *(Асығып)*. Көйлек? Жоқ, маған көйлектің керегі жоқ. Менің көйлегім бар ғой. Ал, міне, сенің үстінде де, аяғыңда да түк жоқ.

Анита. Жокты сөйлемі, Мари!

Мари. Сенің мүлде тамақ жеместен, неге ақша жия беретініңді енді білдім.

Перико. Бізді жақсы адамдар...

Мари. Сіз, аш жүріп маған көйлек алмақшы боласыз. Маған көйлек керегі жоқ. Мен көйлекті не қыламын. Өздеріңіз аш жүріп, маған көйлек алмақшысындар! Жоқ, жоқ! Керегі жоқ! Бұлай етуге болмайды! *(Өксіп-өксіп жылайды. Балалар Маридің қасына келіп, жұбатады)*.

Перико. Бұның жарамайды енді, Мари!

Анита. *(Басынан сыйпап)*, біз аш емеспіз, Мари! Біз сен келердің алдында ғана тамақ жедік. *(Ернін, жалап, тамсанып)*. Міне, нанбасаң *(су ішеді)*. Мен шөлдей де бастадым.

Перико. Біз бидайдың нанын жедік...

Антонио. Тек, тұзы күштірек болды. *(Су ішеді)*. Перикоға сен де іш деп ым қағады. Перико өшейін ернінің ұшын ғана тигізеді).

Мари. *(Өксіген бойымен жолдастарына қарайды)*. Сен тамақ жеген кісіге тіпті ұқсамайсың. Тіпті, Анита!.. *(Анитаны құшақтайды)*.

Антонио. Сенің әкең біздің бақытты болуымыз үшін қатты күресте құрбан болды...

Перико. Қара жүзді фашистер асып өлтірді оны!

Антонио. Есіңде ме, Мари? Сенің әкең бізді түнде көшеден тауып алып, үйіне алып қайтқан еді.

Перико. Олай етпегенде, біз суыққа тоңып, аштан өлген де болар едік.

Антонио. Ол бізді туған баласындай жақсы көргін. Ал, Никаны да тауып алып келгенде ол: тағы да көбірек еңбектене түсермін, қалай да болса, бірге тұра берерміз,— деген еді.

Анита. Ал, сонан кейін өзін тюрмаға алып кеткенде, әкең сені ең соңғы сүйімі деп, құшақтап сүйген еді. *(Өксіді, Мари да жылайды)*.

Перико. Біз оған сенің әрқашан да қамыңды ойлауға сөз бердік, сөз!

Антонио. Біз жігітпіз. Сондықтан да сөзімізде тұрамыз.

Перико. *(Тез ғана бас жағынан, бір қараз алып)*. Міне, оның соңғы хаты.

Анита. Оқышы Антонио.

Антонио. *(Оқиды)*. «Менің жан балаларым! Ме-

нің қызымды, Маря Тәрді, естеріңнен шығармаңдар. Оны жақсы көріңдер. Оның бір туған ағасындай болыңдар! Сендер өздерің де әлі баласыңдар. Ал, сендер осындай ауыр заманға кез болдыңдар. Сендерге үлкен адамдай болуға тура келеді. Бұлай етпей ауыртпалыққа шыдай алмайсыңдар. Шыдамды, төзімді болыңдар. Өздеріңді есейген жігіттерше ұстандар. Испанияны ұмытпаңдар! Ұзамай-ақ Испания көгіне де бақыт нұры жауар! Оны сендер жаудыруға тиістісіңдер? Москва Кремлі үстінде жарық жұлдыз нұр шашып, тамылжып тұр. Бұл жұлдыз — үміт жұлдызы. Сол үмітпен сол сеніммен өмір сүріңдер, балалар!»

Анита. Үміт жұлдыздары!

Антонио. Бізге зор үміт береді, ол! *(Оқыйды).*

«Біз не үшін күрескен болсақ, сендер де сонымен өмір сүруге, тұрмыс құруға тырысыңдар! «Өжет ағаларыңа» көмектесіңдер! Міне, осылай еткенде ғана Испанияда бақыт таңы тез атпақ. Сіздер де сонда Совет елінің балалары сияқты бақытты боласыңдар. Менің сендерді жақсы көретінім сияқты, сендер де Мариды, менің сүйікті қызымды жақсы көріңдер. Тастап кеткендер оны!»..

Мари. *(Көзден жасын сүртіп).* Әкемнің бұл айтқандарын мен жақсы білем. Бірақ, ол маған көйлек алып берем деп аш жүріндер, қайыр сұрандар деген жоқ қой сендерге.

Антонио. *(Үлкен адамша).* Ым, жарайды, біз осылай деп шештік. Бұл туралы сөз енді бітті. Жетті, бізге Совет еліндегі балалар сияқты бәріміздің де оқуымыз керек еді, бірақ әзірге оған біздің қол жетпей тұр ғой.

Перико. Сені ғана оқыта алсақ та...

(Анитаның әлі құрып, жығылуға жақындағанын көріп, Антонио оны шап беріп сүйеп қалады. Бәрі Анитаның қасына келеді).

Анита. *(Әлсіреген дауыспен).* Әй, та — мақ же — гім ке — ле — ді!..

Мари. Жоқ, көйлек алмаймыз. Мен оған риза емеспін. Тамақ жеуге...

Антонио. *(Ақырын ғана).* Айғайламаңдар. Бәрімізге де жату керек!

Перико. Я, ертең көйлек алуға да баруымыз керек. Ерте тұрамыз.

Мари. *(Өксіп).* Жоқ, нан аламыз. Тамақ жеуге...

Перико. Түү, ақырын.

Мари. Әй, маған тіпті қыйын-ақ, Антонио!

(Мари Анитаны қушақтап шашынан сыйпап тұрады. Басқалары да Анитаның жанында).

Антонио. Төзімді бол, шыда Anita! Бағана... «Өжет ағайлар» маған... үміт жұлдыздары нұрын шашып, тамылжып тұрған елде, Зоя деген орыс қызы болған дейді.

Мари. Я, болған?

Антонио. Я, оны фашистер аюаннан бетер азапқа салғанда да, ол шыдаған, төзімді болған, нағыз батыр қыз. Ол ауыр азап үстінде де соғыс құпиясын айтпаған. Сонан соң, фашистер Зоюны қар бетіне жалаң аяқ жүргізіп, асып өлтіру үшін дарға алып келген. Ол осыған да шыдаған. Үмітін үзбеген. Мойнына дүзақ салғанда да, Зоя: Күресіңдер. Қорықпаңдар! Өйткені, Сталин бізбен бірге, Сталин келеді! — деген.

Перико. Үміт жұлдызы сөнбеген, ол қашан болса да тамылжып тұрады, Anita!

(Анитаны сәкіге әкеледі. Барлығы да шөп-шаланың үстіне келіп, үйме-жүйме бүктегіліп жатады. Антонио үлкен кісіше пиджагін шешіп, Anita мен Маридің үстіне жабады. Соңынан өзі де жатады. Сахнада тым-тырыс. Тек, біраздан кейін Анитаның сандырақтағаны, онан соң әбігерлене сөйлеген дауысы естіледі. — Әй, ұйықтай алмаймын. Тамақ же — гім ке — ле — ді!..)

Шымылдық



II — көрініс

Дүкен алды. Саудегер товарларын реттеп, шаңын қағады. Сатып алушылар өтіп жатады. Саудегер дүкеннің ішкі жағына кіреді. Осы кезде Перико, Анита, Мари, Антонио жан-жағына алаңдай қарап, дүкен жанына келеді.

Мари. Айттым ғой мен сізге, ала алмаймыз деп.

Анита. Әй, осы саудегерлерді... Ақшамыз да бар ғой. Бізді неге қуады екен.

Антонио. Олар бізді адам деп санамайды.

Перико. Ұрлықшы деп ойлайды.

(Саудегер шығады. Балаларды көріп көзін ежірейтіп жақындай түседі).

Саудегер. Әй, қайыршылар, бұл жерде не ғып жүресіңдер?

(Балалар қорқып, шегіне бастайды).

Антонио. Шегінбеңдер. Біз, ағай, мына жолдасымызға, Мариға *(Мариға қарап)*. Я, бері жақынырақ кел. *(Мари қорқақтап жақындай бастайды)*. Мына жолдасымызға көйлек алайық деп едік.

Перико. Оның әкесі жоқ.

Саудегер. Ай қарақшылар, білем мен сендерді... жоғалыңдар.

(Қолындағы кездігімен оқталып қалады. Балалар қаша бастайды).

Антонио. Саудегер мырза, біз ақшамызға... Ақшамыз бар біздің...

Саудегер. Кетіңдер тез... Өне, сендер жүргенге сатып алушылар соқпай өтіп барады. Қазір полиция шақырамын...

(Ысқырады. Антонионы жұлқылап, қуып шығарады да, өзі ішке кіріп кетеді. Кідіріс. Жан-жағына қарап, Антонио кіреді. Қолын бұлғап басқаларын шақырады. Балалар біртіндеп кіре бастайды).

Антонио. *(Ойланyp).* Міне, енді, достарым! Менің бір ойым бар. Егер де оны істей алмасақ, Мариға көйлек ала алмаймыз.

Перико. Меніңше, қыздар?...

Анита. Немесе, қыздар?

Антонио Я, кыздар қазір қайтып кетсін.
Мари. Әй, сендер бір сұмдық істемекші боласыңдар-ау...

Анита. Мен қайтпаймын.

Мари. Мен де.

Перико. Бұл қандай фокус тағы?

Антонио. Я, барыңдар енді. Балалар айтты, болды. Қайтыңдар!

Перико. Қай уақытта болсын, балалар істі ақылмен істейді. Оған кам жемендер.

(Кыздар күдіктене бір-біріне қарасады).

Анита. Ал, Мари, қайталық. Біздің Антонио ақылсыз бала емес ол.

Мари. (ақырын езу тартып). Антонио, өтінемін, маған жақсылық етем деп...

Антонио. Ой кыздар, мен бастық па осы, жоқ сендер ме, мен айттым — бітті.

Анита. Ал, Мари қайталық. (Кете бастайды. Мари Антониоға бір нәрсе айтпақшы болып, шегініп қалады. Антонио оған қолын сілтейді. Кыздар кетеді).

Перико. Я, Антонио! Марига көйлекті қалай алу жөніндегі ойыңды бізге айтып бер.

Антонио. (Дүкенді көзімен шолып). Міне, ой былай. (Периконың құлағына сыбырлап бірдеме айтады, ол күледі. Ризалығын білдіріп басын изейді. Бас киімдерін ауыстырып киіседі. Осы мезгілде саудегер дүкеннен шығады. Балаларды көрген соң тағы да ашуланып жақындай бастайды, Перико шегінеді).



Антонио. Шегінбендер. Нағыз соққыны өз мойныма алам.

Саудегер. Әй, қарақшы балалар, сендер тағы да келдіңдер ме мұнда.

Антонио. (жаң-жағына жалтақтай қарап). Ағай, біз қарақшы балалар емеспіз. Ақшамыз бар.

Перико. Ақшамызға аламыз. Біз, ағай ұятымыз бар балалармыз...

Саудегер. (Аузын ыржыйтып күледі). Ха... Ха... Ұяты бар екен. Қайыршыда қандай ұят болушы еді. (Антонионың киімдерін жұлқып тартып). Мынада ұят тұра ма, ха... Ха...

Антонио. Ұят деген киімде болмайды ағай, міне, мұнда (Жүрегін нұсқап). Мұнда болады.

Саудегер. Кет, кет. Ақылдысыма сен маған. (Саудегер ысқырады. Периконы шығара бастайды. Перико дүкенге таман барады. Саудегер оған төне түседі. Перико саудегерге көнбей жармасқан болады. Антонионы саудегерге көрсетпеу үшін қалқалайды. Осы кезде Антонио жалма-жип сәкіден секіріп түсіп, қатар-қатар үйшіктер арасымен бұқпантайлап жүріп бірнеше көйлекті асыға аптыға қарай бастайды. Біреуін алуға ыңғайлай бастайды. Дорбасындағы ақшаны прилавкаға қойып, қайта шығады.

Антонио. Кеттік, Перико, кеттік! (Саудегер Антонионы саудегерге көрсетпеу үшін қалқалайды. Осы көйлекті Перикоға береді. Ол жүгіріп шығып кетеді. Саудегер Антонионың артынан шыға бастайды).

Саудегер. Қараул, талап жағыр. Қараул, ұрылар! (Перико қашады. Саудегер қайтадан кіріп, екі қолымен басын ұстап, айғайлап):

— Талайды. Көйлекті алып кетті.

Антонио. Ағай, таламайды.

Саудегер. (Антонионы көріп таң қалып). Ә, таламайды!

Антонио. Әне, (прилавканы көрсетіп). Көйлектің құны прилавка үстінде.

Саудегер. (Тез, прилавкаға барып, қомағайлана ақшаны алады). Ой ақша, ақша, ақшалар! (Кеудесіне басып).

Антонио. Қордіңіз бе, біз қандай балалармыз!

Саудегер. Кет, көзіңді жоғалт!

Антонио. Ағай, сізден бір песет қайтуға тиіс. (Бармағымен нұсқап) Беріңіз. Қайтарыңыз.

Саудегер. Ой оңбаған неме, тағы сдача сұрайды-ау бұл. (Антониоға жақындап келе бастайды. Екінші жақтан Перико шығады. Көйлекті сілкеді).

Перико. Әй кебеже қарын, бөрене сыйрақ, тиме оған. (Саудегер оған жармаса бастайды. Балалар қиша бастайды. Саудегер маңдай терін сыпырып тағы да кіре бастайды).

Саудегер. Сдача дейді. Берермін, мен саған сдачаны! О, менің ақшам, ақшам, ақшаларым.

Шымылдық
(Жалғасы бар)

БАҚЫТТЫ АДАМ

Очерк

Адамзат бақытты өмірді өз қолымен, өзінің еңбегі арқылы ғана жасайды. Бақыттың иесі жасайтын азат еңбек қана.

Адам қоғамы құрылған күннен бастап, Россияда 1917 жылы Социалистік Ұлы Октябрь революциясы болғанға дейінгі мыңдаған жылдарда еңбектен туған игіліктің рахатын сол еңбекті істеушілер көрген жоқ, қанаушы тап көрді. Күні бүгінге дейін капиталистік құрылыс үстем боп тұрған жерлерде солай.

Ленин-Сталин партиясының ұйымдастыруы және басқаруымен болған 1917 жылғы Ұлы Октябрь социалистік революциясы ғасырлар бойына шырмалған құлдық шынжырын талқандап үзді де, еңбекші адам баласына, атқарған еңбегінің рахатын көруге жол ашты. Советтік құрылыс 35 жылдың ішінде азат еңбектің иелерін социалистік дәулетке кенелтіп, тарихта болмаған қарқынмен өсірді. Талай шөлдер көлге айналды. Талай тақырлар жыныс орманға, жайқалған егіске айналды. Бұрын ескен жел мен көшкен бұлттан басқа ештеңе жүрмейтін жаппан тұздердің талайына аз жылда, нелер көркем қалалар орнады. Бұның бәрі — азат еңбектің күшімен жер-анамыздың ішкі-сыртқы мол қазнасын ақтарып ала білуіміздің арқасында ғана жасалған игілік.

Өмірінің талай уақытын советтік өндірісте өткізіп, азат еңбегінің рахатын көріп отырған бақытты адамның бірі — Бәшір Нұрмағамбетов.

1914 жылы кедей семьяда туған ол ересек жасқа жеткеннен кейін, әуелі Ертіс бойындағы пароход қызметінде, одан Семейдегі ет зауытында жұмысшы боп істейді де, 1937 жылы Қарағандыға келіп, шахта жұмысына орналасады. Содан бері ол шахтада істеп келеді. Соңғы екі-үш жылдан бері 31 «Бис» шахтасын басқарады. Өзіне тапсырылған істі мемлекет алдында жыл сайын аброй мен атқарғандығы үшін, 1950 жылы үкімет оған, еңбек майданындағы ең биік дәреже — Социалистік Еңбек Ері атағын берді. Құрметті шах-


тер мемлекеттік және партиялық басқару істеріне де араласады. Ол Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты, Қазақстан Коммунист Партиясы Орталық Комитетінің мүшесі.

Аты мен елеулі еңбегі газет бетінен өте жиі кездесетін жолдас Нұрмағамбетовтің өзі мен үй тұрмысын көру, атқаратын қызметі басында әңгімелесу маған арман сыяқтанатын. Бәшірді көрудің сәті 1952 жылдың жазында түсті.

Осы жазда мен Қазақстанның солтүстігіндегі бірнеше облысты араладым. Қарағанды жол үстінде. Оған соғып, көп жылдан бері көрмеген қаланы да, Бәшір Нұрмағамбетовты де көре кетпекпін.

Біз Қарағандыға түнде, Успен зауыты жағынан келдік. Бұл бір ражап көрініс. Ерте заманда «итжон» аталатын бұл араның белесті шөл даласын көшпелі ауылдар ғана басып өтеді екен. Бұл белестің астында көмір бары бұдан жүз жыл бұрын мәлім боп, капиталистер табылған көмірді алуға тез кіріскенмен, 60-70 жылдың бойында алынған көмір, қазіргі механикаланған бір шахтаның бір жылда алған көміріне жетпейті.

Қарағанды көмірін алуға Совет үкіметі, шын мағнасында 1930 жылдан бастап кірісті. Жылына Отанға миллиондаған тонна көмір бере-



Қарағанды. Мәдениет сарайы.



Қарағандының проходчиктер дайындайтын тобының оқушысы К. Телебаев жұмыс үстінде.

Суретті түсірген К. Шамов.

тін бұл өндіріс қазір Совет Одағының үшінші көмір ошағына айналды. Оның қазір барлық шахталарын да механикаланған көмірді қазуды да, тысқа шығарып вагондарға тиеуді де электр қуатымен қаруланған машиналар атқарады.

Қарағандыны менің бірінші рет көруім 1933 жылы. Ол кезде әлі қарқындап үлгермеген өндірістің шахта саны да қазіргіден әлде қайда аз, қала көлемі де әлде қайда кіші болатын. Электр станциясы қазіргіден әлде қайда әлсіз, шамдардың саны әрі аз, әрі сәулесі көмескі болатын.

Енді ше?..

Успен заводы жақтан келетін жол Қарағандыға Байдәулет тауының жотасынан құлайды. Сол жотаға жазғы түнде шыға келсем, «Жердің жүзі, күннің көзі» дегендей, алдымыздағы белесті даланың ылдый — өрі сол түнді ашық аспанда жылтыраған қалың жұлдызға — электр шамына тұнып тұр... Не деген көп, не деген жарық сәуле бұл!..

«Жүрмеген жердің ой-шұқыры көп» дегендей, жердегі жұлдыздардың қалың ішіне сүңгіген біз қалаға тура кете алмадық. Айқын-ұйқыш жолдардың біреуі бізді әкеп, қалың ор-

манның ішіне кіргізді... Қайдағы орман бұл? Мұндай орман бұдан жыйырма жыл бұрын бұл маңайда жоқ еді ғой! Аралап көрсек, ағаштары жуандаған жыныс... О, ғажап!.. Аз жылда жер мұнша өзгереді екен-ау!..

Артынан білсем, бұл орман қаланың орталық паркі екен. Советтік Қарағанды құрылысы басталған кезде, 175 гектар жерге орнатылған жас шыбықтар қазір осындай жыныс орманға айналып кеткен.

Қаланы біз парк күзетшісінің сілтеуімен таптық. Бұл Жаңа қала. Оны мен 1941 жылы қарт ақын Доскей Әлімбаевтың тоқсан жасқа толған тойына барғанда көргем. Қазір қала, одан әлде қайда кеңіген, көшелерін бойлай еккен ағаштар қалындап, ғажап аллеяларға айналып кеткен!..

Ертеңіне біз Бәшір Нұрмағамбетовты іздеп кеттік. Қасымда «Советтік Қарағанды» газетінің редакторы Тайкіманов жолдас бар.

— Бәшірдің быйылғы жоспары қалай орындалып жатыр? — деймін мен оған.

— Ол — жоспарын орындау үшін ғана жаралған кісі ғой — дейді Бейсенғали қалжыңды дауыспен, — Бөкен үшін «орындау» деген сөз емес, «асыра орындау» — сөз.

Бейсенғали қалта книжкасын алады да, быйылғы январьдан бастап, августқа дейін Нұрмағамбетов Бәшірдің айлық жоспарын қалай орындаған цифрын көрсетеді. Бұл цифрларда «110»нан басталып, «220»ға қарай көтеріледі.

Бәшірді біз өзі басқаратын шахтаның ішінде кездестірдік.

Көмір шахтасын мен бірінші рет 1928 жылы Байқоңырда көріп ем. Жезқазған өндірісінің жанында ашылған бұл кенде көмір қыртысының қалыңдығы жарты метрден төмендей беріп, кей жері сынық сүйемдей ғана болып қалатын. Көмірді жамбастап жатып шабуға тура келетін және өзге құралмен емес, қайламен...

Енді ше?.. Енді, сталиндік бесжылдықтар жемісін мол берген кезде, Қарағанды шахталарының ішіне кең комбайндары кіріп, бұрынғы қолмен соғатын қайланың қызметін, қыймылы одан мыңдаған есе қуатты машиналар атқарып жатыр. Сондай машиналар Бәшір Нұрмағамбетовтің шахтасында көмірді үздіксіз өндіреді.

Адамның еңбегінен туған машина атаулының қуатын пайдалану, қызметті өнімді атқарту тетігі — адамның өзінде ғой. Біздің Бәшір осындай машина тілін білетін шебер екен. 1946 жылдан бері ол басқарып келе жатқан «Донбасс» атты комбайн, қажетті ремонттан басқа уақытта, не қақалып, не тұрып қап көрмеген. Қалыңдығы метрден бастап, әрі қарай жоғарылайтын

Қарағанды көмірі комбайнға қандай ыңғайлы, қандай жеңіл!.. Осындай жағдайда көмір өндірген Бәшірдің нормасын артығымен орындамаған күні жоқ. Кейде ол бес-алты норма орындайды.

Социалистік қоғамның ұраны—өндіре еңбек атқар да, мәдениетті тұр. Осы ұранның іске асқанын біз Бәшірдің де үйінен көреміз. Қызмет орнына жақын жерден берілген оның пәтері — төрт-бес бөлме жеке ағаш үй. Бәшірдің 13 жасар үлкен баласы Нұрания жетінші класста отлучно оқыйды. Жеті жастағы Гауһария мектепке алдағы күзде бармақ. Үш жастағы Серік балалар бақшасында.

Бұл бақша — Бәшір үйінің қасындағы кен парктың ішінде. 250 дей жас бөбектерді тәрбиелейтін бақшаға Бәшір екеуіміз барсақ, Серік демалыс сағатында екен. Тәрбиесі жақсы сәбилердің бәрі де беттерінде қаны ойнаған көрікті. Тәртіпке бағынып қалған олардың біразы біз келгенде ұйқыда, ал енді біразы, көздерін ашып жұмғанмен, қыймылсыз жатыр...

Қарағандыда баланың демалысы осындай болса, үлкендердің демалысы қандай?

Қарағандыда отыздан астам клуб бар, олардың бәрі де еңбекшілердің дем алу жағдайына сәйкес салынған. Солардың ішіндегі ең көріктісі — Жаңа қаладағы шахтерлердің Мәдениет Сарайы. Архитектуралық көркі көзді тұндыратын бұл сарайдың жүзден аса мәдениет бөлмелерін талдап айтпағанда, үш залын сыйпаттап өтуге көп беттік сөз керек болар еді. Мың кісілік орны бар үлкен залдың төбесіндегі жалғыз люстраның ғана бағасы 340 мың сом. Лекциялық залға 400 кісі сыяды. Залдардың да, бөлмелердің де бәріне барқыт орындықтар қойылған, терезелеріне торғын жібектен перделер қойылған, қабырға мен төбе көркем кестелі бояумен, оюлармен безенген, кісі жүретін жерлерге кілемдер төселген... 35 000 томдық кітабы бар оқу залына, жібек жамылтқылы столдар, орындықтар қойылған...

Міне, осы сарайға да, басқа клубтарға да, Қарағанды халқы, кеш болса жыйналып мәдениетті дем алады. Қарағандының өзінде орысша және қазақша драмалық театр, 16 кино-театр және филармония бар. Қарағанды клубтары сауық-кешсіз тұрмайды.

Біз Бәшірмен бірге Мәдениет Сарайында болдық. Онда Украина театры «Черевичка»ны көрсетті. Бәшір операны рахаттанып тыңдады...

Осындай алтын ғасырда шат өмір сүріп, өз еңбегін жемісін көріп отырған Бәшір қандай бақытты, біз қандай бақыттымыз.

Бұл сөзді әрбір совет адамы зор қуанышпен айтады.

Бейбітшілік жолындағы күрескер

ИВ ФАРЖ



Француз халқының адал ұлы, бейбітшілік жолындағы жалынды күрескер Ив Фарждың есімі бүкіл прогресшіл адам баласына таныс. Олар Ив Фаржды Францияның ұлттық намысы мен бостандығын қорғаушылардың алдыңғы сапында болған өз отанының ер жүрек патриоты деп таныйды.

Ив Фарждың өмір жолына көз салсаңыз, оның бүкіл өмірін өз халқына адал қызмет ету жолына

арнағанын анық көруге болады. Ол екінші империалистік соғыстың алғашқы кезеңін — француз халқының ұлттық мүддесін Гитлер фашизмінің табанына басқан қайғылы күндерін — басынан кешірді. Ив Фарж сол кезде-ақ француздарды Германияға зорлап жіберуге қарсы күрес жүргізетін Ұлттық комитеттің жұмысын басқарды, Францияның оңтүстігінде фашистерге қарсы ереуілдер мен демонстрациялар ұйымдастырды.

Соғыс бітіп, Францияда Германия империализмінің құлдығынан азат етілгеннен кейін ол Лион республикасындағы Рона департаментінің комиссары болып істеді. Кейін ол француз үкіметінің құрамына еніп, Жабдықтау министрі болды. Бұл жылдары Ив Фарждың есімін француз халқы зор мақтанышпен атайтын болды. Ол Фредерик Жолио-Кюри сыяқты өз халқының тәуелсіздігі мен бостандығы жолында қызмет етті.

Американ империалистері әзірлеп жатқан жаңа соғыстың қаупін көрісімен, Ив Фарж бейбітшілік сақтау жолындағы күреске қосылды. Ол Франциядағы бейбітшілікті жақтаушылардың ұлттық ұйымын басқарып, бейбітшілік жолындағы күрескерлердің халықаралық конгрестеріне белсенділікпен қатысып келді.


1948 жылы Ив Фарж «Гитлердің соғысы созылуда» деген кітап жазды. Онда тамаша публицист, көрнекті қайраткер Ив Фарж империалистердің соғыс саясатын әшкереледі.

1949 жылы бейбітшілікті жақтаушылардың дүниежүзілік бірінші Конгресінде Ив Фарж Турақты Комитеттің мүшесі болып сайланды. Ал, 1950 жылғы Варшава конгресінде Бейбітшіліктің Дүниежүзілік Советінің мүшесі болды.

1952 жылы Ив Фарж Корея мен Қытайда болды. Бұл сапары туралы ол «Қытай мен Корея туралы айғақ» атты кітап жазды. Онда Ив Фарж американ империалистерінің бұл елдердегі аюандық әрекеттерін көзімен көргендігін айтты.

Бейбітшілік жолындағы жалынды күрескер Ив Фарж осы жылғы март айында автомашинаның авариясы кезінде мезгілсіз қайтыс болды. Ив Фарждың есімін бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік сүйгіш халықтар ешуақытта ұмытпайды.

В. Г. КОРОЛЕНКО



Орыстың талантты жазушысы, қоғам қайраткері Владимир Галактионович Короленконың туғанына 100 жыл толды. Ол 1895 жылы 27 июльде туған.

Ол өзінің өмірінде реакцияға және самодержавиеге қарсы батыл күрес жүргізді.

Короленко өзінің шығармаларында орыс халқының (әсіресе шаруалар мен қолөнершілердің) қайыршылық, правосыз тұрмысын суреттеді.

Владимир Ильич Ленин Короленконы «Прогрессшіл жазушы» ретінде жоғары баралады.

Короленко шығармалары соңғы жылдарда қазақ тіліне аударыла бастады. Оның «Соқыр музыкант» повесть мен әңгімелер жыйнағы қазақ тілінде басылып шықты.

В. Короленко

ЖЫЛТЫЛДАҒАН ОТТАР

Ертерек бір кезде, күздің бір қараңғы кешінде, Сибирьдің тұнжыраған өзенін бойлай жүзуге тура келді. Өзеннің бір иінінен бұрыла бергенімде алда қарауытқан тау етегінен бір от жылт ете қалды.

Тіпті жап-жақын жерден ғана лаулап, жарк ете қалды...

Мен қуанып кетіп:

— Е, құдайға шүкір, қоналқа жақын екен ғой! — дедім.

Ескекші отқа бұрыла бір қарап қойып, қайтадан ескегін қаншан-қаншан есе берді.

— Алыс қой!

Мен нанбадым, өйткені оттың өзі түнерген қараңғыда жақын көрініп, жылтылдап-ақ тұр. Бірақ ескекшінің айтқаны дұрыс болды: шынында да, алыс екен.

Қараңғыны қызып, жақындай беретін, жақындаған сайын жарқырап, әрі үміттендіріп, әрі ынтықтыра түсетін — осы түнгі оттардың қасиеті ғой. Ескекті енді тағы бір-екі рет

есіп жіберсең болғаны, — жетіп қалғандай боласың... Дегенмен, әлі де алыс-ақ!..

Сөйтіп, қара сыядай, түнерген өзенді бойлап, тағы да ұзақ жүзген едік. Талай шатқалдар мен құздар шыға келіп, үстіңе төніп, тағы сырғый жөнеліп, ұшы-қыйырсыз алыста кейін қалып, зым-зыя жоқ болғандай, ал әлгі от, жылт-жылт құбылып, ілгері ынтықтырып, үнемі қарсы алдында тұрғандай, — әрі жақын, әрі алыс...

Қазір, сол бір құзды тау қойнауындағы түнерген өзен де, сол бір жымындаған от та әлсіз-әлі есіме түседі. Бұрын да, кейін де сан оттар жақыннан көрініп, жалғыз мені ғана ілгері ынтықтырып қойған жоқ. Бірақ өмірдің өзі әлде де сол баяғы тұнжыраған арнамен ағып барады, от болса, әлі алыста. Сондықтан ескекті тағы да баса есу керек...

Бірақ алдында әйтеуір... әйтеуір — от бар ғой!...

1900 жыл.

МАСТЕР БОЛҒЫҢ КЕЛЕ МЕ?

Сен он бір жасқа толдың. Алғаш рет пионерлер үйіне келдің. Мұнда бөлмелер де көп, әр бөлменің қызығы да мол.

Бір бөлмеде балалар оркестрінің трубалары жалтылдап, әсем музыка үні естілсе, екінші бөлмеден жас бишілер өнерін көресін. Үшінші бөлмеде жас суретшілер ісімен таныссаң, ендігі бір бөлмесінде фотосуретшілер өнері елтіледі. Бесінші бөлмеде ара ызылдап, сүргі жылжыйды. Бәрі де қызық, бәрі де пайдалы. Сен осы үйірмелердің қайсысына жазыласың?

Раис Назыров пионерлер үйіне алғаш келгенде оған ағаш пен қағаздан жасаған әдемі самолет модельдері ілінген бөлме ерекше ұнады. Балалар мен қыздар өткір пышақпен шыбықтар жонып, жаңа модель жасап жатыр екен.

Раистың осылармен бірге дәрсу жұмыс істегісі келді. Бірақ, үйірме жетекшісі Юлий Борисович Пинегин:

— Тұра тұр. Әуелі мына сызықта көрсетілгендей, қағаздан «көгершін» жаса,— деді.

Байқап тұрсаң, ә дегенде бұл да оңай емес екен. Раистың алғашқы «көгершіні» ұшу орнына, еденге шаншыла құлады.

— «Басын» тым ауыр жасапсың,— деп түсіндірді үйірме мүшелерінің бірі.— Кел, қалай бүктеуді көрсетіп берейін.

Бұл пионер Коля Дармин еді. Назыров онымен тез достасып кетті. Коля үйірмеге екі жылдан бері мүше болатын. Оның шеберлігі басым, іскерлігі мықты еді. Ең қиын модельдерді жасап жүрді ол. Раиска да талай рет кеңес беріп, нақтылы көмектесті. Семей қаласындағы пионерлер үйінде «Өзің үйренсең, басқаларға да үйрет» — деген сөз негізгі ережеге айналған.

Арада күндер өтіп жатты. Өзінің бос мезгілдерін Раис авиомодельшілер мастерскойында өткізетін болды. Ол ерекше бір өжеттікпен қағаздан «көгершіндер» жасап, оларды жақсы ұшырды. Қағаздан әртүрлі ойыншықтар істеді, схемалық планер моделін құрады, сөйте-сөйте жолдастарымен бірге бензінді кішкене моторы бар самолет моделін жасасты. Әрқун оған өзінің тың жаңалығын ашып, өнерін өрлете түсті.

Қазір Раис 7-класста. Ол бос кезінде екі моторлы самолеттің үлкен моделін жасап жүр. Бұл оңай іс емес. Бірақ, Раистың оны жасап шығуы сөзсіз. Ол үйірме ісінде табандылыққа үйренді.

Мастерскойдегі сабақ Назыровқа қолға алған істі тыянақты түрде шебер, жақсы жасау үшін, еналдымен мектепте білімді молықтыру керек екенін ұғындырды. Математика негізін жақсы білмей, модельді дұрыс есептей алмайсың. Егер


орыс тілін білмесең, авиация туралы қиын кітапты қалай оқымақсың?...

Міне, пионерлер үйіндегі сабақтар, Назыров және оның достарының мектепте алған білімін іс үстінде тұрақтатты.

Көптеген класс жетекшілері мен мұғалімдер пионерлер үйінің үйірме жетекшілерімен тығыз байланыста. Олар жұмыс жоспарын бірге ойласып, үйірмедегі әрбір жасалған заттың класста сабақ кезінде пайдаланылуына ерекше көңіл бөледі.

Қәне, жас электр, радиотехниктердің бөлмесіне кірейік.

Мұнда әртүрлі аспаптар мен құрал-сайманның неше түрі бар. Олар көзінді тартып, көңілді сүйсіндіреді. Мына бір қою жасыл сырмен боялған кішірек модель — су жыйнағыш мұнара. Оны 22-мектептің қыздары Фая Нигматуллина, Зоя Габитова, Зина Григорьева, Фая Мауликсева, Люда Лу Чиң-лен және басқалар жасады. Олардың бұл мұнараны жасау мәнісі физика пәнінен өтетін гидравлика заңын жақсы түсініп, ойда қалдыру. Қыздар мектептегі сы-



Семейдің Пионерлер Сарайында. Оқушылар А. Смагулов пен В. Иванов автомобильдің рулін меңгеру жолын зерттеп отыр.

нып, пайдаға аспай қалған физикалық аспаптарды жыйнастырып, оны пионерлер үйінің мастерскойінде жөндейді.

Әрине, өз қолымен жөндеген рычагты реостат дәл алдындағы стол үстінде жатса, мұғалімнің Ом заңы туралы сұрағына неге мүдірмей жауап бермеске! Болмаса бу локомотиві моделін өзін түзеп, ал бу двигательдері әрекетін айта алмаудың реті мүлде жоқ қой! Міне, класта оқығанын, үйірме де осылай байытуға үйренуде олар.

Турксибтің бірінші мектебінің оқушылары жасаған аспапты, бүкіл Семейден іздеп таба алмайсың. Бұл аспапты тастер деп атайды. Онымен тіпті болмашы токтың өзін өлшеуге болады.

Бұл аспап мектеп беретін білімнен де жоғары, мол білуді қалайды. Бірақ Гена Надеждин, Николай Сарычев, Владимир Плетешков, Юрий Палюктер көп білуді, ізденуді, талмай еңбектенуді ұнатады. Олар радиокабылдағыштар жасап, радио ісімен шұғылданады. Ал тастер кабылдағыштарды сынау үшін керек.

Үйірме жетекшісі Семен Львович Кузьмин әр оқушының ісіне талапты да қатал қояды. Әрбір жасалған кішкентай аспаптың өзі сапалы болуын, заводта жасалғаннан кем түспеуін тілейді. Сондықтан да пионерлер кішкентай тетіктің өзін бірнеше рет қайта жасап, сыннан өткізеді. Ағаш бөлшектерін біркелкілеп бояуды да үйренді олар. Қазір радио ісінің бір маманы мастерскойге келіп тастерді көрсе болғаны:

— Сіздер осындай бағалы затты қайдан саптып алдыңыздар? — деп сұрауы сөзсіз.

Балалар ол кезде:

— Өзіміз жасадық! — дейді мақтанышпен. Өнерлі ісіне орынды мақтаныш!

Әсіресе, демалыс күні пионер үйіне келуші пионерлер саны көп-ақ. Кейбіреулері «Қайталау — білім бұлағы» деген жақсы лекция тыңдағалы келді. Лекция өткен сабақтарды еске түсіріп, ойда қалдыруға жәрдемші. Ал, енді бір бөлегі бүгін өз жолдастарына «Мақтаншақ қоян» деген ойынды көрсетеді.

«Шебер қолдар» үйірмесінде де іс қызу. Егерде осы үйірмеге қатыссаң жәй қаңылтыр, сіріккенің бос қорабы, тіпті жұмыртқаның сыртқы қабығы бәрі де керек екенін, олардан көп нәрсе жасауға болатынын білесің. Жас биологтың көбелек немесе гүлдерден жыйнаған коллекциясын салу үшін, қажетті бірнеше бөлікке бөлінген жәшіктің сіріңке қорабтарынан жасауға болады. Қарындасыңа қуыршақ

жасап бергің келсе, жұмыртқаның сыртқы қабығын қолдан... Не керек, бұл үйірмеде жарамсыз нәрселерден жарасымды, көрікті нәрселер туады. Гена Федоров, Феликс Крамер, Надя Коломина және Галя Петренконың не құрастырып жатқанын байқап қараңдаршы. Олар жуырда метеорология станциясында болды. Ал, енді сол станция бет алдында тұр. Тек айырмашылығы бұл стол үстіне сыйып кеткен. Жел айырғыш, жауын өлшегіш... Не керек, бәрі де дәл өз тұрғысында... Нағыз шеберлер қолынан шыққан шебер іс!

Сен пионерлер үйіне өзіңнің екі жолдасыңды ертіп келдің делік. Келесі жолы олар өз жолдастарын ертіп келеді. Сөйтіп келушілер саны күн сайын өседі. Ал, олардың бәріне мастерскойлерде орын жете ме? Әрине, жетпейді. Сондықтан да балалардың барлығы да үйірме сабағына қатысып, білімін толықтыруы үшін пионерлер үйі жаңынан жас шеберлер клубы ашылған.

Бұл клубтың мүшелері жасауға қажеттілерін өз үйінде жасап, мектептегі үйірмеге қатысады. Пионерлер үйінен олар тапсырма алып, модельді жасау туралы, аспапты дұрыс қолдану туралы кеңес алады.

Жыл сайын жас шеберлер өнеріне бәйге жарияланып тұрады. Ал күзде олардың жұмысына арналған көрме ұйымдастырылады. Шеберлердің шеберлерін пионерлер үйі өз мастерскойы жұмысына қатыстырады.

...Жаз. В. И. Ленин атындағы балалар паркін жасыл жапырақ көмкеріп, гүл ораған кез. Жазғы күндері пионерлер үйі өзінің барлық жұмысын осында әкеледі. Мұнда самолет және кеме жасаушы жас шеберлер жұмыс істейді, «Шебер қолдар» үйірмесінің мүшелері де өз жұмысын осында жүргізеді. Егер сен өз жолдастарыңның өнерін көргің келсе, паркке кел, олар саған да көңіліңе қонымды іс тауып береді.

Қала шетінде, Ертістің әсем көрікті жағасында палаткалар мен жыйналмалы үйлерден құраған кішкентай қалашық тұр. Бұл пионерлер үйінің туристік балалар базасы. Осы арадан туған өлкеге қызықты жорықтар басталады.

Мастер болғың келе ме? Олай болса, ең алдымен мектепте сабақты жақсы оқы. Алған біліміңді өмірде қолдануыңа пионерлер үйі көмектеседі. Онда балалар әрі көңілді демалады, әрі өнерге үйренеді.

А. Розанов,
Семей.

ТАУ ЖЫНЫСТАРЫ МЕН МИНЕРАЛДАР КОЛЛЕКЦИЯСЫН ҚАЛАЙ ЖЫЙНАУ КЕРЕК

Балалар! Ұлан-байтақ отанымыз гүл шешекке оранған жаз кезінде мыңдаған мектеп оқушылары жазық далаларды, көркем тауларды көру үшін саяхатқа шығады. Саяхатшылар шексіз аймақтың көркіне қызығып қана қоймай, оған мән беріп, есепсіз байлықтарды зерттеулері қажет. Сол зерттеудің алғашқы жолы коллекциялар жыйнау болып табылады. Саяхат кезінде, әрбір оқушының өзі сүйген заттарынан коллекциялар жыйнауына болады. Мысалы: минерологиялық, зоологиялық, ботаникалық, археологиялық тағы сол секілді коллекциялар.

Байтақ отанымыздың заңғар, көркем тауларынан түрлі тау жыныстары мен есепсіз минералдарды кездестіруге болады. Сондықтан тау жыныстары мен минералдарды ұнатушылардың коллекция жыйнауына толық мүмкіншілік бар. Алайда минералдардан коллекция жыйнаушылардың алдына қойған мақсаты айқын болуға тиіс. Әдетте коллекция жыйнаушылар көбінесе құлпырған минералдар дүниесіне қызығып, сән түсті металлдарды жыйнай бастайды. Бұл секілді алуан-алуан әсем жаратылыс байлықтарын тек қана сән үшін жыйнағың да келетіні рас! Бірақ саяхатшылардың тастардың неге олай екенін, нелерден құралғанын, қандай жол мен қандай уақытта жаралғанын, олардың өзара және оны қоршаған табиғатпен қандай байланысы бар екенін, сонымен қатар минералдардың адам баласына қандай пайдасы бар екенін білгілері келеді.

Міне, осы жағдайлар минерал коллекциясын жыйнаушыларды дұрыс бағытқа салады.

Сондықтан іздеуді қоя тұрып, ең алдымен минералдың не екенін біліп алуымыз керек. Минерал дегеніміз — ол жер қыртыстарында физикалық және химиялық процесстің нәтижесінде пайда болған бір текті қатты, сұйық немесе газ формалы заттар. Сансыз клеткалардан құралған жәндіктер мен өсімдіктер денесінде, жер қыртысының қатпарлары да есепсіз минералдардан құралады. Минералдар жыйнала келіп тау жыныстарын құрайды. Кейбір тау жыныстары (гранит, известняк) тұтасып үлкен көлемді алып жатады.


Минералдардың көбісі магманың сууы арқылы пайда болады. Тереңдегі жер қыртыстарында жататын отты сұйық зат.

Таудың жаратылу қозғалыстары нәтижесінде жарық, үлкен тесіктер пайда болады, сол тесіктерден магма жер бетіне ағылып шығып, минералдарға айналып отырады. Алтын, күміс, қалайы, жез, цинк, вольфрам, молибден т. б. минералдар осылай жыйналады.

Жер қабатының анағұрлым тереңірегінде дала шпаты, кварц, слюдалар, жер бетіне жақынырақ қыртыстарда газ бен ыстық су ертіңдісінен вольфрам, молибден, жез, цинк, қорғасын, күміс минералдары пайда болады. Онан төменгі тереңдікте түгелдей суып біткен магмалы сулардан сурьма, алқызыл немесе қызылт күкіртті сынап минералдары бөліне бастайды.

Жер үстіндегі тау жыныстары атмосфера, су, жел, әсерімен бұзылып жаңадан шөкпе минералдарға айналады. Қызыл темірлер, марганец кендері де осындай жолдармен жаралады.

Шөкпе заттар циклы да мәңгі тыныштықта жатпайды. Жер қыртысының қозғалуы арқылы олар да тұңғыш тереңге түсіп жаңа жағдайға ұшырайды, ауыр салмақ астында, магмалар әсерімен олардың жартылай немесе толық балқуы мүмкін. Бұл жағдайлар жаңа минералдар жаралуына, химиялық реакциялар пайда болуына, жаңа минерал бөлшектері пайда болуына әкеп соғады. Магмалар әсері арқылы известняк, мраморға, балшық қатты саз сланика, бос құмдар қатты кварцқа айналып отырады. Қайсы бір минералдар осылай пайда болады. Тау маңынан минералдар оңай табыла береді, міне осындай жерлерде



Дөңгелек шар тәрізді кальцит.

коллекция жыйнаушыларға мүмкіндік өте зор. Бұдан байтақ отанымыздың шетсіз тегістіктерінде минералдар жоқ деген мағна шықпайды. Кең даладан да әсем кристаллдар мен шаруашылыққа керекті кендер табылып отырады. Жылға, бұлақ, батпақ, көлдер түбінен темір рудалары мен әр түсті металл бояулары табылуы мүмкін. Шөкпе құм, саздар арасында фосфориттер де кездесе береді. Кейбір минералдарды су ағындары жуып-шайып басқа жаққа ағызып әкетеді. Платина, касситерит, асыл тас, алтын секілді ауыр минералдар өзен қайырларында жыйнауы мүмкін.

Минералдардың формалары есепсіз көп-ақ, олардың формалары тарам-тарам жапыраққа ұқсас, немесе домалақ т. б. бола береді.

Коллекция жыйнауға шыққан жорықшылар жолға «Вожатый кітабында» көрсетілген жорық аспаптарын алса жеткілікті.

Кейбір минералдарды дұрыс айыру үшін саяхатшының қолында арнаулы ереже болуға тиіс. Бұл жөнінде Н. А. Сольяновтың «Минералдарды сыртқы белгілеріне қарап қалай білуге болады» деген белгілі кітапшасын ұсынуға болады. Онда өмірде көбірек кездесетін минералдарды қалай ажыратудың әдістері жақсы айтылған. Мұндай жорықты геологиялық арнаулы білімі бар маман бастағаны жақсы. Егер ол мүмкін болмаған жерде жорықшылар минерал коллекциясын жасау туралы мектепте арнаулы түсінік алуға тиіс.

Әрбір үлгі алынған кезінде жай қарындашпен номерленеді. Осыдан соң алынған уақыты, жері көрсетіліп, қысқа ғана ярлық — этикетка түрінде үлгі-паспорт беріледі.

Жазу сол далада, дәл сол үлгі алған кезде, ұқыпты, айқын, мүмкіндігі болғанша толық жазылады.

Жыйнаған үлгілердің номерлері,




Тау жыныстарының бұзылуы.

Анама

аса бір тамаша заттардың табылған жерлері түгел кітапқа жазылады. Үлгінің қай жыныстан алынғаны көрсетілгені жөн (күңгірт саз, көгілдір құм, қатты кристаллды жыныстар). Сонымен қатар кеннің орналасу формаларын көрсете кету жөн. Мысалы: тамырлы, ұя шашыңқы т. б.

Кешке тамап, даладан кайтқан соң, барлық жыйнаған заттарды қайта қарап, тыңғылықты реттеу керек.



Жұмсақ және сусымалы заттар.

Балалар! коллекция жыйнау жұмыстары аяқталғаннан кейін тапқан заттарыңыздың нәтижесін жете білу үшін геология мекемелеріне жолығыңыздар. Ғылыми геологиялық мекемелермен байланыс жасаңыздар, тек осы жағдайда ғана сіздердің жұмыстарыңыз дұрыс бағыт алады.

П. Тәжібаева,

Геология-минералогия ғылымдарының кандидаты

Самай шашын ақ шалып,
Келсе де талай жасқа анам,
Күн сайын жаны жасарып,
Ақ жүзін әжім баспаған.

Қадірін, шексіз мейрімін,
Көңілі кімнің ұқпайды.
Өлшеусіз ана еңбегін,
Баласы қайтсе ақтайды...

Өсірген гүлдей аялап,
Күлдіріп күнде қуантқан.
Мазаласам жылай қап,
Тыңдатып өлең жұбатқан.

«Тәй-тәй жүр» деп, ең алғаш,
Тілімді тұңғыш шығарды,
Үйретіп ертең, жаңылтпаш,
Тарқатып талай құмарды.

«Ақта,— деп,— Отан сенімін»
Айтатын күнде өсиет.
Атансаң ұлы еліңнің,
Сонда екен бар қасиет.

Әр сөзі — үлгі, өнеге,
Анама келер ұсағым.
Ұмытамын мен неге,
Өмірдей ыстық құшағым.

Ұя өсірген ел үшін,
Еңбегің үлкен, жан анам.
Гүлденер өмір жемісін,
Жас ұрпағың — жаңа адам.

Өкім Жайлауов

ЖАС ЕМЕН

Менің еккен еменім
Быйыл бес жыл жасады.
Жаз келгенде жадырап,
Еменді гүл басады.

Көршілері еменнің
Жаңа еккен жас қайың.
Көрік берді мектепке,
Гүлге бөлеп маңайың.

И. Тоқанов,

Павлодар облысы, Қызыл әскер мектебінің оқушысы.

Жүзім

Мамасы көп базарлық,
Алып келді Жеміске.
Жүзім, өрік, алма, алмұрт,
Торы толы жеміске.

— Мама,— деді баласы,—
Негкен тәтті бұл жүзім!
Дәмін татып қарашы,
Көрмең едім мен бұрын.

Қай дүкеннен алдыңыз,
Барып өзім керейін,
Сортын айтшы, апарып
Бақшама мен егейін!

— Жазуларын қағаздың
Оқып едім мен мана,
Миуалы Кавказдың
Жүзімі екен бұл жаңа.

Су жүгірді, өзгерді,
Кешегі шөл даламыз.
«Кавказ» сортты жүзімді,
Біз де егетін боламыз.

Н. Әлімқұлов

Жайқалар жасыл жапырақ

Жанына Жақан мектептің,
Отырғызып алма ағаш,
Елге арнаған еңбектің
Рахат терін төкті алғаш.

Үміттің оты жарқырап,
Өтеді жылдар, өтеді ай,
Жайқалар жасыл жапырақ,
Бақытты болашағындай.

Әнуәрбек Дүйсенбин

САҒАДА

Қармағына қадалып,
Сабыр отыр сағада.
Жатты шоршып бір балық
Құм қайранда жағада.

Мені көріп күлімдеп,
Қарап қойды сазанға;
— Қазір мұны тілімдеп,
Қуырамыз қазанда.


Нұрғожа Оразов

Редколлегия мүшелері: Айдарбеков Ә., Баранов К., Дарқанбаев Т., Ыбраева А., Қыйрабаев С. (редактор), Нұртазин М., Нұрқатов А., Нүсіпов А.

Технический редактор И. Соскинд.

г. Алма-Ата, проспект Сталина, дом № 79, редакция журнала «Пионер».


Подписано к печати 22/VI—1953 г. Бум. 84×108^{1/16} — 0,75 бум. 246 п. л. Тираж 16 000. Полиграфкомбинат Главполиграфиздата Министерства культуры КазССР. Заказ № 838.



ЖАҢА МАШИНАЛАР

КОНВЕЙЕР

Ворошилов атындағы Александров машина (Молотов облысы) зауытында көмір шахталары үшін машина — лентасының ұзындығы 200 метрлік жаңа конвейер жасалып, сыннан өткізілді. Ол кен қазу жұмыстарын бүтіндей (комплектті түрде) механикаландыруға арналған.



БАЛЫҚ КОМБАЙНЫ

Ростов балық зауытының жанышылдары И. Н. Резников, С. М. Карендин, А. В. Шербаков тағы басқалары балық комбайнын жасап шығарды.

Бұл машина жаңа ауланған ұсақ балықтарды қабылдап, өңдеу, ыдысқа салып тәртіптеу жұмыстарын толық механикаландырады. Комбайн автомат көмегімен қабылданған балықты өлшейді және арнаулы тетік арқылы сол балықтардың санын есептеп шығарады. Мұнымен қатар, осы жаңа машина тұзды да ұнтақтайды.

Алдағы көктемде бұрын болмаған бұл жаңа комбайндар Азовтың балық комбинатында, Таганрогтың балық зауытында жұмыс істейтін болады.

ҚҰРЫЛЫСТАРҒА АРНАЛҒАН МАШИНАЛАР

Челябі облысындағы Копейск «Строймашина» зауыты Куйбышев және Сталинград су электр станцияларының құрылысшылары үшін механизмдер даярлау жөнінде жаңа заказдар алды.

Машина жасаушылар шөл даладағы ұлы канал құрылысына кірпіш кесетін жартылай автомат жасап жіберді. Өздігінен жүк түсіретін арбасы бар транспортерлер әзірлеуде. Ол Волга су электр станциясына арналған.


Зауод коллективі 1953 жылы еліміздің құрылыстарына жұмысы әлде қайда өнімді жаңа машиналар істеп бермек. Көп қатарлы үйлер құрылысына пайдаланатын, тұтас қабырғаларды кесетін жартылай автоматтар жасау қолға алынды. Кірпішті механика күшімен өңдеп, тасыйтын, оны кесетін ротациялық автоматтардың комплекті жабдықтарын шығаруға әзірлік жүргізіліп жатыр.

БЕТОН НАСОСТАРЫ

Елімізде жұмысы анағұрлым өнімді келетін машиналар мен механизмдер жасап шығарылуда. Волго-Дон кеме қатынасы каналының құрылысына Ростовкин құрылыс машиналары зауыты жасаған насостар кеңінен қолданылды. Бұл насостармен жарты миллионға жуық текшеметр бетон канал жабдықтарына пайдаланылды. Әрбір машинаның жұмыс өнімділігі сағатына 20 текшеметр.

Құрылыс және жол машиналары кәсіпорындарында жұмыс өнімділігін әралуан және түрлі мақсатқа пайдаланатын бетон насостары жасалуда.

Ростоккин зауыты екі цилиндрлі бетон насосын көптеп шығаруға кірісті, бұл насос сағатына 40 текшеметр бетонды бір



орыннан екінші орынға жеткізіп беру жұмысын атқарады. Машина коммунизмнің ұлы құрылыстары мен биік үйлер салу жұмыстарына арналған. Сол сыяқты бетон және тас қоспасын

тасыйтын 40 текшеметрлі бетон насосы әзірленді.

Бетон насостарын қолдану бетонды тасу, салу жұмыстарының шапшаңдығын бірнеше есе арттырады, сөйтіп құрылыс жұмыстарының қарқынын едәуір күшейтеді.

ГАЗОГЕНЕРАТОРЛЫ ТЕПЛОВОЗ



Еліміздің темір жолдарында газогенераторлы жаңа тепловоздар жұмыс істей бастады. Мұны Харьковтың машина жасайтын зауыты шығарған. Тепловоз газогенератор установкасымен және қуаты 2000 аттық күші бар двигателмен жабдықталған. Ол азынаулақ сұйық отын қосылған антрацитпен жұмыс істейді. Газогенераторлы тепловоз қосымша отын мен су алмай, ұзақ жол жүре алады. Мұның басқа тепловоздардан бір өзгешелігі мен артықшылығының өзі осында.

ШАРАДА

Баласы төрт түліктің байпандаған,
Ойлашы, бөбектерім, айтам саған,—
Сол айтылған жас төлге қосып оқы
Дененде бір мүшенді жаутандаған.—
Еске түсір оқыған шығарманды,
Табар екен кім бұрын бұл романды?

Ә. Малғажин

